

ТАРИХИ САНА

ҚОЖАКЕЕВА Л.Т.
ЖЫЛҚЫШЫБАЕВА Қ.Қ.
АХМЕТОВА Ж.
МУХАНБЕТКАЛИЕВ ЕСБОЛ
АРИНОВ ЕРЛАН
МУХАНБЕТКАЛИЕВ ЕСБОЛ
АРИНОВ ЕРЛАН
ТЛЕУБЕРГЕНОВА К.А.
КАРМЕНОВА Н.Н.
АШИМОВ Т.Т.
ЗИЯВДИНОВА А.К.
ТОҚСАБАЕВА М.Е.
САТЫБАЛДИЕВА А.У.
МАХАНОВА А.С.
ҚАНАТ БАЗАРБАЕВ
ҮСЕНБЕК РАХМЕТ



978-605-68667-6-0

ТАРИХИ САНА

ҚОЖАКЕЕВА Л.Т.
ЖЫЛҚЫШЫБАЕВА Қ.Қ.
АХМЕТОВА Ж.
МУХАНБЕТКАЛИЕВ ЕСБОЛ
АРИНОВ ЕРЛАН
МУХАНБЕТКАЛИЕВ ЕСБОЛ
АРИНОВ ЕРЛАН
ТЛЕУБЕРГЕНОВА К.А.
КАРМЕНОВА Н.Н.
АШИМОВ Т.Т.
ЗИЯВДИНОВА А.К.
ТОҚСАБАЕВА М.Е.
САТЫБАЛДИЕВА А.У.
МАХАНОВА А.С.
ҚАНАТ БАЗАРБАЕВ
ҮСЕНБЕК РАХМЕТ



ISBN

978-605-68667-6-0

**Institution Of Economic Development And Social
Researches Publications®**

(The Licence Number of Publicator: 2014/31220)

TURKEY TR: +90 342 606 06 75

USA: +1 631 685 0 853

E posta: kongreiksad@gmail.com

www.iksad.org

www.iksadkongre.org

İtabın tüm hakları İKSAD Yayınevi'ne aittir.

İzinsiz çoğaltılamaz, kopyalanamaz.

Metinlerden etik ve yasal olarak yazarlar sorumludur

Iksad Publications - 2018© ISBN – 978-605-68667-6-0

ISBN

978-605-68667-6-0

**ҚОЖАКЕЕВА Л.Т.
ЖЫЛҚЫШЫБАЕВА Қ.Қ.
АХМЕТОВА Ж.
КӨНЕ ТҮРІКТЕР ТАРИХЫ**

4

**МУХАНБЕТКАЛИЕВ ЕСБОЛ
АРИНОВ ЕРЛАН
РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ТҮРКІ
ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРЛІГІН ЖОЮҒА
БАҒЫТТАЛҒАН ОТАРЛЫҚ САЯСАТЫ (БІЛІМ
БЕРУ САЯСАТЫ МЫСАЛЫНДА**

19

**МУХАНБЕТКАЛИЕВ ЕСБОЛ
АРИНОВ ЕРЛАН
БӨГДЕ САНА – ОТАРШЫЛДАРДЫҢ МӘДЕНИ
ҚАРУЫ**

40

**ТЛЕУБЕРГЕНОВА К.А.
КАРМЕНОВА Н.Н.
АШИМОВ Т.Т.
ЗИЯВДИНОВА А.К.
ТОҚСАБАЕВА М.Е.
САТЫБАЛДИЕВА А.У.
МАХАНОВА А.С.
ТАРБАҒАТАЙ ТАУЛАРЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ
ЕСКЕРТКІШТЕРІ**
60

**ҚАНАТ БАЗАРБАЕВ
ҮСЕНБЕК РАХМЕТ
ОРТА АЗИЯ МЕН ТҮРКИЯДАҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ
ҚОЗҒАЛЫСТАРЫНЫҢ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ ЖӘНЕ
ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**
75

КӨНЕ ТҮРІКТЕР ТАРИХЫ

Қожакеева Л.Т.

Жылқышыбаева Қ.Қ.

Ахметова Ж.

Түйіндеме: Мақалада Қазақ хандығының құрылуына дейінгі YI-XV ғасырлардың Түрік кезеңінде өмір сүрген мемлекеттер: Түрік қағанаты, Түргеш қағанаты, Қарлұқ-Қарахан мемлекеттері туралы мәселелер қарастырылған. Әлем тарихының аясынан алып қарасақ, көне түрік халқы мен ол құрған мемлекеттің тарихы, адамзат тарихынан алатын орны орасан зор маңызды. YI ғасырдың аяқ кезінде Түрік қағанатының шекарасы батыста Византиямен, солтүстікте Персиямен, тіпті Үндістанмен, ал шығыста Қытаймен тұйықталған десек, осы бір елдер тарихының саяси-тарихы біз сөз етіп отырған кезеңде Түрік мемлекетінің тағдырымен байланысты болғаны өзінен-өзі түсінікті. Түрік мемлекетінің құрылуы бүкіл адамзат тарихында белгілі дәрежеде бетбұрыс кезең болды, өйткені сол кезге дейін Орта теңіз мәдениеті мен Қиыр Шығыс мәдениеті, бір-бірінің дүниеде бар екенін білсе де, басы қосылмаған еді. Шетсіз-шексіз далалар мен заңғар таулар Шығыс пен

Батыстың қарым-қатынасына кедергі жасады. Тек кейінірек барып, темір үзеңгіні жасау және арба орнына теңдеу әбзелдерін ойлап табу керуендердің шөлдер мен асулардан көп қиналмай, оңайырақ өтулеріне жағдай жасады. Сол себепті де YI ғасырдан бастап қытайлар Константинополь базарының нарқымен санасуына, ал византиялықтардың қытай патшасы найзагерлерінің санын есептеп отыруына тура келді.

Түркілердің бірігуінің мемлекеттік құрылымдардың шеңберіндегі барлық тарихи кезеңі саяси аренада бірін-бірі жүйелі ауыстырып отырған тайпалардың белсенділігімен тығыз байланысты. Түрік, Түргеш, Ұйғыр, Қырғыз, Қарлұқ, Оғыз, Қимақ қағанаттарының өмір сүруі Қазақстан территориясында мемлекеттік құрылымдардың көпғасырлық дәстүрлері болғанын, тайпалардың бірлікке ұмтылғанын дәлелдейді. Оғыздардың Арал жағалауы мен Батыс Қазақстанға орын ауыстыруы оңайға соққан жоқ. Олардың мұнда орнығуында Арал жағалауындағы екі тайпаның - бесенелердің (печенегтердің), қанғарлардың және басқа да сақ-массагет тегінен тараған әулеттердің қарсылығын, ал одан әрі батысқа жылжуында сарматтардың ұрпақтарын және фин-угор тайпаларының қарсылығын күшпен басуына тура келді. Оғыз мемлекеті X

ғасырда Еуразия далаларындағы әскери-саяси өмірде зор рөл атқарған елеулі күшке айналды.

Түркі тілдес тайпалардың мемлекеттік нығаюының келесі кезеңі Қазақстанның шығыс және солтүстік аймақтарын мекендеген қыпшақ және қимақ тайпаларымен байланысты. Осы тарихи процестің жаңа, мейлінше кемелденген сатысына құрамына тек аталған тайпалар ғана емес, Мәуреннахр тұрғындары кірген Қарахандар мемлекеті жетеді. Міне осындай жағдайда түріктер тек арадағы дәнекер рөлін атқарып қана қоймай, сонымен бірге өз мәдениетін де дамытып, оны Қытай, Иран, Византия, Үндістан мәдениетіне қарсы қоюға болады деп есептеген. Осынау өзгеше дала мәдениетінің сүйексізді дәстүрлері мен терең тамырлары бартұғын, бірақ, біз онымен, отырықшы халықтар мәдениетіне қарағанда, болмашы дәрежеде ғана таныспыз.

Кілт сөздер: Түрік қағанаты, мемлекеттер, Қазақ хандығы, ғұндар, халық, қаған, этнос, түркі тілдес тайпалар, қоғам, территория, әулет.

ABSTRACT

The article deals with the issues of the Turkic Khaganate, the Turgesh Khanate, the Karluk-Karakhan state, living in the Turkic era of the 12th and 19th centuries, until the formation of the Kazakh Khanate. The history of the ancient Turkish people and the history of the state which was created by them has a great historical significance in the world history. At the end of the sixth century, the Turkic Khaganate in the west was bordered by Byzantium, in north by Persia and India, and in the east by China, it is clear that the political history of these countries at that time was connected with the fate of the Turkish state. The formation of the Turkish state was a turning point in the whole history of mankind, because until that time the Orthodox culture and the Far Eastern culture did not unite despite the fact that they knew about existence of each other in the world. The endless steppes and the glorious mountains impeded the relations of the East and the West. Only later, making a metal stirrup and inventing equipments for carriages made it easier for passengers to pass through the desert and the sea more easily. That is why, from the beginning of the sixth century, the Chinese had to reckon with the market of Constantinople and the Byzantines had to calculate the number of Chinese king's archers.

The historical period of the unification of the Turkic states within the framework of state structures is closely connected with the activities of the tribes, which were systematically changing in the political arena. The survival of the Turkic, Turgesh, Uighur, Kyrgyz, Karluk, Oguz and Kaganaks proves that state structures on the territory of Kazakhstan had centuries-old traditions and that the tribes were striving for unity. The Oguz relocation to the Aral Sea and West Kazakhstan was not easy. They had to settle there by suppressing resistance by force of two tribes of the Aral Sea (Pechenegs), Kangarians and other clans, and also further to the west, the descendants of the Sarmatians and the Finno-Ugric tribes. In the tenth century the Oguz State became a significant force in the military and political life of the Eurasian steppes.

The next step in strengthening the Turkic tribes is related to the Kipchak and Kekak tribes that inhabited the eastern and northern regions of Kazakhstan. The new, most developed stage of this historical process consists not only of these tribes, but also of the Karakhanids, which included the inhabitants of Murennakhr. In this case, the Turks considered themselves not only as a connector, but also they developed their culture and believed that they can oppose to the Chinese,

Iranian, Byzantine, Indian cultures. There are traditions and deep roots in this unique culture of the steppes, but we are, to a lesser degree, familiar with it than the culture of the sedentary people.

Key words: Turkish khanate, states, Kazakh Khanate, Huns, people, kagan, ethnos, Turkic tribes, society, territory, dynasty.

Әрбір халықтың өзін өзгеден айрықша қалыптаған дара тұлғасын, өзгеше мінезі мен мәдениетін, елдігін танып білуі үшін бәрінен бұрын оның этникалық төркін-тамыры мен тұтас тарихын жүйелеп айқындаудан басталары әлемдік қоғамтану ғылымына мәлім. Солай бола тұра еліміз тәуелсіздікке қол жеткізгенге дейінгі отарлық дәуірде осынау аса зәру тақырыпты жан-жақты қарастыруға жол берілмегені де белгілі. Осы олқылықты толтырудың қажеттілігін өткір сезінген қазақ тарихшылары тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында: «Қазақстан тарихы үрдісінің үздіксіздігін, қазақ халқы тарихы мен мәдениетінің ежелден бастап қазіргі күндерге дейінгі сабақтастығын жаңа айқындамалар тұрғысынан ашып көрсетуге әрекет жасау» керек екенін мәлімдеді /1/.

Әлем тарихының аясынан алып қарасақ, көне түрік халқы мен ол құрған мемлекеттің тарихы, адамзат тарихынан алатын орны орасан зор маңызды. Орталық Азия далаларында тарих сахнасында моңғол дәуіріне дейінгі кезең түрік кезеңі екені белгілі. Ғұндар мен түріктердің тағдыр-талайы қандай әрқилы болса, олардың тұрмыс-тіршіліктері, мемлекеттік-этникалық құрылымы, саяси тарихы да, әлем тарихынан алатын орны да, әрқилы болған. Түрік халқының тарихына тоқталатын болсақ, белгілі түрік тарихшысы ол туралы былай деп толғайды: «Өзіміз санатына қосып отырған түрік қауымы тарихқа тек 4 мың жылдан бері ғана ене бастады. Солай бола тұра біз түріктердің тарихын, олардың тарихқа белгілі тұңғыш патшалығын құрған түріктің ұлы қағаны Тұман (Теоман) жабғудан бері ғана білеміз. Олай болғанда түріктердің тарихтағы хикаялары кейінгі 2200 жылдың о жақ, бұ жағынан өрбісе керек».

Ғұндар мен көктүріктердің этникалық тегі мен этномәдениетін, ұлттық идеологиясын жан-жақты зерттеген Л.Н.Гумилев түрік-қазақ тарихшыларына бағдар сілтеп: «Түріктердің қоғамдық тұрмысы мен әлеуметтік институттарының маңызы зор: ел, еншілік-тәспихтық жүйе, шендер иерархиясы, әскери тәртіп, елшілік үрдісі,

сол сияқты көрші елдердің идеологиялық жүйелеріне қарама-қарсы қоятын мұқият әзірленген дүниетанымының болғаны таң қалдырмай қоймайды» дейді /2/.

Көне түріктердің Қытай мен Иранға қоныстас көрші болуы, олардың іс-әрекеттері, осынау елдердің әлеуметтік және саяси тарихымен бірге өріліп, байланысып кеткен, сондықтан да оқиғалар жүрісін қалпына келтіру үшін, біз олардың әрқайсысының тарихын назардан тыс қалдырмауымыз керек.

ҮІ ғасырдың аяқ кезінде Түрік қағанатының шекарасы батыста Византиямен, солтүстікте Персиямен, тіпті Үндістанмен, ал шығыста Қытаймен тұйықталған десек, осы бір елдер тарихының саяси тарихы біз сөз етіп отырған кезеңде Түрік мемлекетінің тағдырымен байланысты болғаны өзінен-өзі түсінікті. Түрік мемлекетінің құрылуы бүкіл адамзат тарихында белгілі дәрежеде бетбұрыс кезең болды, өйткені сол кезге дейін Орта теңіз мәдениеті мен Қиыр Шығыс мәдениеті, бір-бірінің дүниеде бар екенін білсе де, басы қосылмаған еді. Шетсіз-шексіз далалар мен заңғар таулар Шығыс пен Батыстың қарым-қатынасына кедергі жасады. Тек кейінірек барып, темір үзеңгіні жасау және арба орнына теңдеу әбзелдерін ойлап табу керуендердің шөлдер мен

асулардан көп қиналмай, оңайырақ өтулеріне жағдай жасады. Сол себепті де YI ғасырдан бастап қытайлар Константинополь базарының нарқымен санасуына, ал византиялықтардың қытай патшасы найзагерлерінің санын есептеп отыруына тура келді.

Міне осындай жағдайда түріктер тек арадағы дәнекер ролін атқарып қана қоймай, сонымен бірге өз мәдениетін де дамытып, оны Қытай, Иран, Византия, Үндістан мәдениетіне қарсы қоюға болады деп есептеген. Осынау өзгеше дала мәдениетінің сүйексінді дәстүрлері мен терең тамырлары бартұғын, бірақ, біз онымен, отырықшы халықтар мәдениетіне қарағанда, болмашы дәрежеде ғана таныспыз /3/.

Түріктер сонау YI ғасырдың басында-ақ мемлекеттік ұғым-түсінігі қалыптасып қана қоймай, империялық, ұлы қағанаттық санасы әбден орныққан, «халықтық рух» барынша салтанат құрған, өзін-өзі толық таныған супер этнос болған. Көктүріктер құрған екі Түрік қағанаты, Түргеш қағанаты, Қарлұқ-Қарахан мемлекеттері дәстүрлі «халықтық рух» пен ұлттық мемлекеттік идеяны берік ұстанып, «түрік қауымдастарының тарихтағы хикаяларын» жалғастырушы халық ретінде өмір сүріп,

адамзат тарихынан өзінің құрметті орнын алғандығына бұл күндері тарихшылар күмән келтірмейді.

Қазақстан халықтарының өміріндегі бұдан кейінгі, күні бүгінге дейінгі оқиғалар адамзат өркениеті тарихында геополитикалық мәнге ие, әрі онымен дәйекті байланыста өтіп отырады. Дешті Қыпшақтың тек мәдениет саласындағы ғана емес, сондай-ақ адамзаттың қоғамдағы орнығуы мәселесіндегі де жетістіктері жалпы өркениетке мол үлес болып қосылады. Көптеген ғасырларға созылған күрделі тарихи оқиғаларды қысқаша шолып, сараласақ, Қазақстан үшін мейлінше мәндірегі түркі тілді тайпалардың біртұтас халық болып бірігуге ғасырлар бойы ұмтылуы болып табылады. Орталық Азиядағы көптеген тайпалар мен халықтардың потенциалдық мүмкіндігі мен белсенділігін және жалпы адамзаттық дамудың барысын ескерсек, олардың бірігуі сөзсіз құбылыс еді/4/.

Түркі тілді тайпалардың бірлесу, тұтасу процесі, ең алдымен, ішкі әлеуметтік-экономикалық дамумен, әлеуметтік теңсіздіктің күшеюімен, қоғамның жоғарғы қабатындағылардың қолына биліктің, негізгі өндірістік құралдың жинақталуы және байлықтың молаюымен тығыз байланысты. Бұл қоғамдық топтарды туғызған мемлекет, басқа елдердегі сияқты, жеке меншік

иелерінің мүддесін қорғауға және қалыптасқан заттай теңсіздікті заңдастыруға арналған орган болды.

Түркілердің бірігуінің мемлекеттік құрылымдардың шеңберіндегі барлық тарихи кезеңі саяси аренада бірін-бірі жүйелі ауыстырып отырған тайпалардың белсенділігімен тығыз байланысты. Түрік, Түргеш, Ұйғыр, Қырғыз, Қарлұқ, Оғыз, Қимақ қағанаттарының өмір сүруі Қазақстан территориясында мемлекеттік құрылымдардың көпғасырлық дәстүрлері болғанын, тайпалардың бірлікке ұмтылғанын дәлелдейді. Аталған мемлекеттердің тарихына қысқаша тоқтала кетсек, ерте орта ғасырды зерттеген авторлар Қарлұқ мемлекеті 766 жылға дейін Талас өзені жағалауы мен Батыс Тянь-Шаньды қосып есептегенде бүкіл Жетісу атырабын иеленді деп көрсетеді. Қарлұқтардың бұл жерлерді иелену жолындағы күресі табанды түрде әрі ұзақ жүргізіледі. Әсіресе, өздерінің шежірелеріне қарағанда, ата мекені Талас пен Ыстықкөл жағалауы болған/5/. Қарлұқтар «Орта Азиядағы далалық мәдениеттің жалғыз қорғаушысы» болып қалады да, арабтардың исламды орнықтыруына қарсы екі жүз жыл нәтижесіз күрес жүргізеді/6/.

Оғыздардың Арал жағалауы мен Батыс Қазақстанға орын ауыстыруы оңайға соққан жоқ. Олардың мұнда

орнығында Арал жағалауындағы екі тайпаның-бесенелердің (печенегтердің), қанғарлардың және басқа да сақ-массагет тегінен тараған әулеттердің қарсылығын, ал одан әрі батысқа жылжуында сарматтардың ұрпақтарын және фин-угор тайпаларының қарсылығын күшпен басуына тура келді. Оғыз мемлекеті X ғасырда Еуразия далаларындағы әскери-саяси өмірде зор рөл атқарған елеулі күшке айналды/7/.

Түркі тілдес тайпалардың мемлекеттік нығаюының келесі кезеңі Қазақстанның шығыс және солтүстік аймақтарын мекендеген қыпшақ және қимақ тайпаларымен байланысты. Соңғысы X ғасырдың басында Ертіс өзенінің ортаңғы ағысында, солтүстік-шығыс Жетісуда «байғу», «жабғу» деген дәреже иеленген, ал IX ғасырдың соңында X ғасырдың басында жалпытүркілік қаған дәрежесін иеленген билеушілері бар мемлекет құрады/8/.

Жоғарыда аталған мемлекеттік құрылымдардың тууының негізгі себепшісі жеке меншіктің дамуына байланысты әлеуметтік теңсіздіктің күшеюі, мәжбүрлі еңбектің өрістеуі, азшылықтың қолына негізгі материалдық байлықтың топтасуы, капиталдың жинақталуының күшеюі болғаны анық. Түркілік және түркі тілдес халықтардың мемлекеттері, барлық өркениетті

елдедегідей, қалыптасқан әлеуметтік құрылымды қорғау мен заңдастыруға арналған тұтқа болды. Түркі мемлекеттерінің дамуын сыртқы факторлар, әсіресе, көрші тайпалармен, халықтармен (Хандар, жуань-жуандар, қарақытайлар, арабтар, саманидтер) ғасырлар бойғы күрестер тездете түсті /1,12/.

Осы тарихи процестің жаңа, мейлінше кемелденген сатысына құрамына тек аталған тайпалар ғана емес, Мәуереннахр тұрғындары кірген Қарахандар мемлекеті жетеді. XI ғасырда Қарахандар мемлекетіне Шығыс Түркістан, Жетісу және Сырдарияның шығысында жатқан қазіргі Орта Азия мен Қазақстанның басқа да жерлері кірді. Қазақстанның оңтүстік бөлігіндегі қала салу мен жер шаруашылығы мәдениетінің гүлденуі дәл осы кезеңде жүзеге асты. Атақты ұлы ойшылдардың ғылыми, тарихи еңбектері дүниеге келді. Жазба деректерде берік қалыптасқан жер қатынастары, заңдастырылған жер үлесі (икта, мукта) жөнінде мәлімет бар. XI-XII ғасырларда Қашқарда қарахан (қарлұқ-оғыз) әдеби тілі қалыптасады. Осы кезеңнен бастап ежелгі Түркістанның барлық территориясында «түрік» этнонимі бекиді және ол Қарахандар мемлекеті әскери-саяси, әлеуметтік-экономикалық дәстүрлерінен нәр алған бұрынғы

мемлекеттік бірлестіктердің негізін құрайтын барлық ру-тайпалық атаулардан үстем түседі. Қарахандар мемлекетінде орталықтанған мемлекетке тән барлық белгілер болады. Әйткенмен, XIII ғасырдың басындағы қайғылы оқиғалар түркі тілдес халықтар мен бірлестіктердің біртұтас мемлекетке бірігуінің даму барысын бұзады. Сөйтіп, тарихи оқиғалар салдарынан қазақтардың, өзбектердің, түркімендердің, қырғыздардың көшпелі мемлекеттері кейінірек, XV ғасырда ғана қалыптасады.

Яғни, Қазақ хандығы – ежелгі үйсіндер мен көк түріктер қағанатынан бастап, өзіне дейінгі барлық түркі мемлекеттерінің негізгі мұрагері болып табылады. Оның пайда болуы мен даму тарихының көпғасырлық дәстүрі мен терең тамыры бар. Сондықтан қазіргі тәуелсіздік жағдайында Түркі қағанаттарының тарихын зерттеу негізгі өзекті тақырыптардың бірі болып саналады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кемал Ақышев. Қазақ мемлекеті: қайнар көзі, даму кезеңдері, тұрақтануы. Қазақ тарихы. \\ №3(96), 2009 ж.
2. Л.Н. Гумилев. Хұндар.- Алматы, «Қазақстан». 1995 ж.
3. Л.Н. Гумилев. Көне Түріктер.- Алматы, «Білім». 1994 ж.

4. Қазақ тарихы.\\ № 3, 1995 ж.
5. Бичурин Н.Я. Собрание сведений... 1-т. 347 бет.
6. Гумилев Л.Н. Древние тюрки. 271-272-беттер.
7. Толстов С.П. огузы, печенеги и море Даукара. Советская этнография 4,1. Алматы, 1977, 353-363 беттер.
8. Кумеков Б.Е. Кимаки Кыпчаки. История Казахской ССР. 1-т.

**РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ТҮРКІ
ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ БІРЛІГІН ЖОЮҒА
БАҒЫТТАЛҒАН ОТАРЛЫҚ САЯСАТЫ (БІЛІМ
БЕРУ САЯСАТЫ МЫСАЛЫНДА)**

Муханбеткалиев Есбол Есенбайұлы

Аринов Ерлан Кенжебаевич

Түйіндеме: Мақалада авторлар XIX-XX ғасырлардағы түркі халықтарының арасындағы бауырмал әлеуметтік-саяси байланыстарды, рухани жақындықты, ортақ түркілік рухты әлсіретуге, жоюға бағытталған Ресей патшалығының, оның кейінгі мұрагері Кеңес Одағының отарлық пиғылын сол кездегі білім беру саясаты арқылы талдайды.

Ресей империясының түркі халықтарын күшпен орыстандыру жолында ұстанып келген саясатының өзекті желісі отарлаушылардың тілін таратуда және бойында Ресейдің отарлық санасын арқалаған білімдерін беруде еді. Ресей империясының Халықтық ағарту министрлігі мен ағартушы-миссионерлері бұратана халықтар арасында ашылған, орыстандыру саясатын көздеген мектептерге

ерекше мән берді. Түркі халықтары үшін мектептер ашудың түбінде оларды сауаттандырып, ғылым-білімге тарту емес, керісінше өздерінің күнделікті саяси-әлеуметтік мұқтажына қызмет етер төменгі дәрежелі қызметкерлер даярлау мақсаты жатты. Жұрт ісін түзейтін оқу-тәрбие жұмысы екендігін жақсы түсінген Абай отарлық біліммен сусындаған қазақ балаларының алған білімдерін халықтың пайдасына жұмсамай, орыс ұлықтарына қосылып алып, халқын талауға жәрдемші болып жүргендерін сынап, «қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек» екендігін барша түркі халқының балаларына насихат етті.

Абайдың насихатымен сусындаған ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының шоғырын топтастырған ортақ мұрат – бодандық бұғауында жаншылған елін құлдықтан, құлдық санадан құтқару, тарихи жадыны жаңғырту, өзге өркениетті елдер қатарына қосу болғаны белгілі. Заманында дүниені дүр сілкіндірген түркі рухының отаршылдықтың салдарынан іріп-шірігенін, «жауған оқтан қайтпайтұғын, түріктің жолбарыстай жүрегінен» жаралған, «ерікке ұмтылған түрік жанды» түркі халықтарының бірігетін уақыты жеткенін жырлаған

М. Жұмабаев сынды ойшылдар оқу-білімді отарлық саясат негізінде жасалған ескі әдіспен емес, зайырлы білім беруді көздейтін жаңа әдіске сай ұйымдастыру төңірегінде топтасты. Осы тұста қазақ зиялыларының түркішілдік идеясы жадидизм идеясымен ұштасты.

Жадидшілдік бағытының қазақ жерінде кең өріс алып, Алаш қозғалысына ұласу шағы 1910-1920 жылдарды қамтыды. Жадидизм – саяси сипаттағы ағым емес, ол – ағарту ісі мен руханиятты тұтастай қамтыған идеялық негізі бар ағым еді. Жадидшілдер отаршылықтан құтылудың бірден-бір жолы түркі жұртының «тілде, ойда, істе – бірлігі» және халыққа білім беру арқылы санасын жаңғырту деп білді. Мектептер мен медреселерде жүргізілетін оқу жүйелерін «жаңа әдіске» сай реформалап, діни сабақтармен қатар ғылымның әр саласынан хабар беретін арифметика, жағырапия, тарих, жаратылыстану, тіл пәндерін жүргізуді алға қойды. А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, М. Дулатұлы т.б. қазақ зиялылары жадид бастамасын батыл қолдай отырып, қазақ даласында «жаңа әдіс» бойынша сауат ашуды қолға алды, бар күштерін халыққа миссионерлік пиғылдан ада оқу-білім үйретуге жұмсады. Бірақ, күшіне енген Кеңес үкіметі «панисламист», «пантүркист» деген жалған желеумен

түркі халықтарының тілде, дінде, ойда және істегі бірлігін жырлаушы қазақ зиялыларын түрлі себептермен қудалап, «халық жауы» ретінде репрессияға ұшыратты.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында мемлекеттік деңгейде жүзеге асып жатқан рухани жаңғыру бағдарламасының мақсаты түркі халықтарының бірлігін, рухани тұтастығын, түбі бір түркілік тарихи жадысын жаңғырту екені, қазақ тілін латын қарпіне көшіру жөніндегі шешімдер бауырлас түркі халықтарымен қазіргі өркениетте қайта тоғысу екені мақалада қарастырылады.

Кілт сөздер: отаршылық саясат, білім беру, жадидизм, түркі халықтарының бірлігі, тарихи жады, латын қарпі

Abstract: In the article authors analyze colonial intention of the Russian Empire and its successor the USSR directed to weaken and obliterate common Turkic spirit, spiritual affinity, and friendly social and political ties among Turkic nations in the 19th and 20th centuries through its education system.

Topical motives of the Russian Empire directed to enforced Russification of Turkic nations were to spread colonial language and to educate in the context of colonial

spirit. Ministry of National Education (the Russian Empire) and teaching missionaries paid great attention to schools opened for non-Russian nations and aimed at Russification policy. The main purpose of schools for non-Russian nations was to train lower level employee serving for their political and social needs, but not to educate and motivate them. Abai who realized that education was necessary for people criticized the Kazakhs who studied in colonial schools and capitalized their knowledge assisting Russian authority to oppress the Kazakh people, he said “We ought to educate ourselves, learn what other people know so as to become their equals and be a shield and a pillar for our people”, and spread these ideas among the Turkic nation people.

Common goal gathered Kazakh intellectuals educated by Abai's ideas in the early 20th century was to release the oppressed people from slavery, to emancipate them from mental slavery, to refresh historical memory, and to become a developed nation. Such thinkers as Magzhan Zhumabayev, who versified the collapse of Turkic spirit a great in his time, and the time to unite for the freedom-loving and courageous Turkic nations as brave as a lion, gathered within the idea of new method teaching aimed at secular education,

but not colonial policy. At that point Pan-Turkism idea of “Alash” political movement coincides with Jadid ideas.

Jadid ideology was widespread in Kazakh territory and developed into “Alash” movement in 1910-1920. Jadid was not political trends, but one with platform totally covered enlightenment and spirituality. Jadids considered “language, thought, and action unity” of Turkic nations and spiritual renewal through enlightenment as main ways of decolonization. They reformed schools and madrasah education system according to the “new method”, and started to deliver such subjects as arithmetic, geography, history, natural science, and languages as well as religion. Akhmet Baitursynuly, Magzhan Zhumabayev, Mirzhakyp Dulatuly, and the other Kazakh intellectuals supporting Jadid initiatives began to teach Kazakh people by “new method”, and fostered all the efforts to educate them without missionary intentions. However the USSR government persecuted Kazakh intellectuals who spread the ideas of Turkic nations’ unity on false charges as “Pan-Islamist” and “Pan-Turkist”, and repressed them as “enemies of the people”.

This article presents that nationwide program of “Spiritual revival” implemented in Kazakhstan is aimed at renewal of Turkic nations’ unity, spiritual integrity, and

common Turkic historical memory; states decisions to switch Kazakh from a Cyrillic to a Latin alphabet makes Turkic nations closer in the modern world.

Keywords: colonization policy, education, jadid, unity of the Turkic peoples, historical memory, latin script

Түркі халықтарының барлығы дерлігі XIX-XX ғасырларда Ресей империясының боданына толықтай айналғаннан кейін Ресей патшалығы және оның кейінгі мұрагері Кеңес Одағы өзінің боданындағы түркі халықтарының арасындағы бауырмал әлеуметтік-саяси байланыстарды, рухани жақындықты, ортақ түркілік рухты әлсіретіп, орыстандыруға тырысқаны тарихтан белгілі. Орыстандыруды отаршылдар халықтардың саяси, әлеуметтік, экономикалық, рухани өміріне қатысты ұйымдасқан түрде кезең-кезеңімен, арнайы дайындалған бағдарламаларға сәйкес жүргізді. Осы мақсатта дайындалған арнайы бағдарламалардың бірі – түркі халықтарының арасында отарлық білім беру саясаты еді.

Алдымен түркі халықтарының өмір сүру тәсілінің ерекшелігі, салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, наным-сенімі, тарихы жайлы тыңғылықты зертеулер жүргізілді және отаршылдықтың идеологиясын бойына сіңірген

миссионерлерді дайындады. 1869 жылы Мәскеуде құрылған миссионерлік қоғамы орыстандыру идеясын жүзеге асыру міндетін атқарды. В.В. Григорьев, В.В. Вельяминов-Зернов, Н.Ф. Костылецкий, И.К. Березин, Н.И. Ильминский, А.Е. Алекторов, В.Н. Витебский, Н.П. Остроумов, А.В. Васильев, П.М. Мелиоранский, А.П. Харузин, В.А. Колпаковский, Н.И. Гродеков, Н.Ф. Катанов, Я.Я. Лютш, Г.Н. Потанин, В.В. Радлов сияқты тағы да басқа миссионер-ғалымдар түркі халықтарын танып-білуге ұмтылды. Орыстың миссионер-ғалымдары түркі халықтары арасында орыстың тілін таратуда және бойында Ресейдің отарлық санасын арқалаған білімдерін беруде шешуші қызмет атқарды. Сөзіміз дәлелді болуы үшін мұрағаттық құжаттардан алынған тарихи деректерге жүгінейік.

Алаш мұраларын зерттеуші ғалым Тұрсын Жұртбай «Сүре сөз» еңбегінде: «Бұратана жұрттың әдеби үлгілерін жиып, оны іріктеп, бастыруға үлкен үлес қосқан Қазақ халқының «ең сенімді досы», Ы. Алтынсариннің миссионер-ұстазы Н.И. Ильминский өзінің мақсатын ешқандай қысылып-қымтырылмастан 1891 жылы 27 желтоқсан күні В.Н. Витебскийге: «Бұратаналарға білім беру жүйесінің түпкі мақсаты – бұратаналарды

орыстандыру және дінін де, тілін де мүлдем ұмыттырып, бүтіндей орысқа сіңіріп жіберу. Міне, соған ұмтылуымыз керек», – деп ашық жазды [1, 17]. «Бұратана» халықтардың арасында мектептердің ашылып, халыққа зайырлы білім беруінің астарында орыстандыру саясаты жатқандығын Түркістан мұғалімдер семинариясының 25 жылдық мерекесінде Н.П. Остроумовтың жасаған баяндамасынан да көруге болады. Ол баяндамасында: «Русско-государственные задачи и стремления нашего отечества по отношению к инородцам состоят, в обрусении... еще другая задача – способствовать слиянию киргиз с русскими в один целый политическо-государственный организм», [2, 25] – деп тайға таңба басқандай айтып берді.

Отарланған халықтарды орыстандырудың шешуші кілті – аралас мектеп немесе әртүрлі саяси-элеуметтік жағдайларға орай ашылып отырған мектептер мен кейбір кәсіптік оқу орындары болды. Ағарту министрлігі мен миссионерлердің шет аймақтағы бұратана халықтар арасында ашылатын, бірақ негізінен орыстандыру саясатын көздеген аралас мектептерге ерекше мән берілді. Түркі халықтары үшін мектептер ашудың түбінде оларды сауаттандырып, ғылым-білімге тарту емес, керісінше өздерінің күнделікті саяси-

әлеуметтік мұқтажына қызмет етер төменгі дәрежелі қызметкерлер даярлау мақсаты жатқан еді. Отарлық біліммен сусындаған қазақ балаларының алған білімдерін халықтың пайдасына жұмсамай, ұлықтарға қосылып алып, халқын талауға жәрдемші болып жүргендерін көрген Абай сияқты ойшылдардың миссионерлердің бұл ойын түсінбеуі мүмкін еместін. Түсінбесе, Абай: «Баламды медресеге біл деп бердім. Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім», «Ойында жоқ бірінің, Салтыков пен Толстой. Иә тілмаш, иә адвокат, болсам деген бәрінде ой», – деп білім алып жатқан балаларды сақтандырмас еді. Мұның барлығы даланы отарлауға қызмет ететін кәсіп екенін Абай өте терең түсінген.

Ұлықтардың сойылын соғып жүргендерді Абай: «Жорғалықпенен көңілін алсам екен деген надан әкешешесін, ағайын-жұртын, дінін, адамшылығын жауырынынан бір қаққанға сатады. Тек майордың күлгені керек деп, к...і ашылса да, қам жемейді. Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі. Ләкин осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы қазақты аңдысам екен дейді. Жоқ, олай ниет керек емес» [3, 109] – деп сынайды, алған білімін елдің мұң-мұқтажы үшін жұмсауды міндет етеді.

Абайдың жиырма бесінші қара сөзінде: «Турасын ойлағанда, балаңа қатын әперме, енші берме, барыңды салсаң да, балаңа орыстың ғылымын үйрет! Мына мен айтқан жол – мал аяр жол емес. Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма! Әйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рахат көрсете ме, өзі рахат көре ме, я жұртқа рахат көрсете ме?» [3, 109] – дейді. Абай балаға білім берудің қажеттілігін ашып көрсетеді. Бала бала болсын десең қатын әпермесең де, енші бермесең де оған білім үйрет. Жай білім емес, орыстың білімін үйрет. Бұл сөзден соң Абай орысшыл болған, орыстың отарлық саясатын қолдаған деген жалған пікірлер тұмауы қажет. Орыс білімін, ғылымын меңгерудің астарында отарлыққа болысушылық емес, қайта одан сақтану жатыр. «Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек... Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды» [3, 109]. Тілін, оқуын, ғылымын меңгерсең олардың әрекеттерінің қазақ үшін пайдалы тұсын және зиянды тұсын аңғарасың, олардың пиғылың түсінесің. Аңғарып қана қоймай, көкірек көзін ашылса, бірдейлік дағуасына кіресің. Күштінің қаруын

меңгермей күшінді теңестіре алмайсың. Ахмет Байтұрсынұлы айтпақшы, «Дүнияда ерге теңдік, кемге кеңдік, азды көпке теңгеретін ғылым менен өнерді, елсізді елдіге теңгеретін, жоқты барға теңгеретін ғылым менен өнерді керек қылатын қазақ аз. Теңдікке қолы қалай жетсін? Қатерлі жерде қаперсіз отырдық. Өзімізге өкпелемесек, өзгеге өкпелер бет жоқ» [4, 214]. Орыстың қаруы оның ғылымында, білімінде, егер оның ғылымын меңгерсең, «аса арсыздана жалынбайсың». Онымен тең тұрасың, халқыңды басыбайлықтан құтқару үшін күресесің, қорлығына көнбейсің.

Сондықтан қазақтарға орысша оқу керек, бірақ алдымен «құлшылық қыларлық қана, түркі танырлық қана таза оқыса болады» [3, 109]. Абай бірден орыс ғылымын меңгер демейді, алдымен түркі танырлық сауатыңды аш, өз халқынның мәдениетін, тарихын, дәстүрін, дінін біл. Одан кейін «араб, парсы керек» [3, 109]. Араб пен парсы мәдениетінің қазақпен рухани байланысы, ортақ тарихы мен ортақ діни мүддесі бар. Өз жұртынның дүниетанымы бойынша негіз қалыптастыр, сосын барып орыс мәдениетін меңгеруге кіріс.

Жоғарыда отаршылдардың «бұратаналарға» білім беріп, мектеп ашуларының астарында орыстандыру

саясаты жатыр деген болатынбыз. Бұл Абайдың білім алу, ғылым меңгеру туралы ойларына мүлдем кереғар саясат. Абай жұрт ісін түзейтін оқу-тәрбие жұмысы екендігін жақсы түсінген. Бірақ бұл іс өз тілінде, халықтық тәрбиеде жүргізілсе құба-құп. Және оқығанда да, «қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек» [3, 110]. Абай ұсынған оқудың мақсаты осы. Орыс ғылымын «соның қаруымен тағы қазақты аңдысам екен» деп емес, қазаққа күзетші болайын деп оқы, халық қатарына қосылудың қамын же. Бұл орыс миссионерлерінің ағарту жүйесіне мүлдем қарсы мақсат еді. Олардың көздегені ұлттық тілін, мәдениетін, дәстүрін ұмытқан, отаршылдардың сойылын соғатын адамдар жасап шығаруын. Бұл мақсат үшін отаршылдар түрлі-түрлі әдістерді ойлап тапты және орыстандыру ісіне қазақтан шыққан оқыған азаматтарды тартқысы келді. Н.И. Ильминский 1869 жылы Ағарту министріне жазған хатында: «Ыбырай Алтынсарин қазақтардың ортасына өзі мектеп ашса, орыс әліпбиін сонда қолданса, оны орыстар істетіп отыр дегізбей атқарса,... ең әуелі идея Алтынсариндікі болса...», [5, 1-2] – деп пікір қосады.

Миссионер-ғалым Н.И. Ильминскийдің хатында айтылған қазақ халқының ғасырлар бойы қолданып келген араб графикасы негізіндегі жазуын кирилл қарпімен алмастырудың салдарын академик М. Мырзахметов «Қазақ қалай орыстандырылды?» еңбегінде былай түсіндіреді: «Күнделікті тұрмыста ғасырлар бойы қолданып келе жатқан арабша жазуын кириллицамен алмастыруда – бүкіл халықтың келер ұрпағын ата-баба салтынан, ұғым-нанымынан, тарихи естегі дәстүрлік жалғастығынан үзіп, рухани жағынан қалай илесек солай қарай жығыла беретін көнбіс құлға айналдыру мақсаты жатты» [6, 45]. Патшалық Ресей кезінде жоспарланған боданындағы түркі халықтарының араб қарпі негізіндегі жазуын кирилл жазуына ауыстыру ісі кеңестік кезеңде де өз мақсатынан ауған жоқ. Орыс отаршылдарының мұндай әрекетіне қазақ зиялыларының көбісі наразылық танытып жатты. Мәселен, А. Байтұрсынұлы: «...қазақты орысқа аударамыз деген пікір бәрін бүлдіріп отыр. Школдар қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз дейді. Сол үшін балалар орыс әрпімен оқысын дейді... Хүкметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі де бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, ал халыққа керегі – өз діні, тілі, жазуының

сақталуы» [4, 268] – деп орыс әрпімен оқуға қарсылығын көрсетті.

Қарсылықтардың көптігінен орыс жазуына бірден көшу қауіп тудыратындығын ескерген Сталин уақытша латын жазуын ендіре тұру керек деген кеңеске құлақ асып, 1929 жылы латын жазуын қабылдатты. Ал 1940 жылы латын жазуының орнына халықтың қалауы бойынша деген жасанды сылтаумен орыс жазуы кириллицаға көшірілді. Бұған қарсылық болмады, себебі қазақ жерінде болған ашаршылық, одан кейінгі 1937 жылғы қазақтың оқыған, білімді азаматтарын репрессиялаудан зәрезап болған халықтың қарсылық жасауға дәттері бармады. Философия ғылымдарының докторы Г.Батыгин Кеңес Одағының бұл әрекетінің әсерін: «Сталинские репрессии обрели такой масштаб, что во многих регионах была истреблена национальная интеллигенция, которая является носителем исторической памяти народа... В Азербайджане, Казахстане, Молдавии традиционный алфавит был заменен кириллицей. Корни культуры, державшейся на многовековой традиции, были подрезаны» [7, 25] – деп сипаттаған еді.

Ресей империясы осылайша өзінің түркі халықтарын орыстандыру саясатын отарлық білім беру және жазу қарпін ауыстырумен жүзеге асырғысы келді. Осы саясатты түсінген зиялы қауым түркі жұртының бірлігі болмайынша, түркілік рухты оятпайынша отарлықтың «қайыс қамытынан» құтыла алмайтынын жақсы білді. Абайдың насихатымен сусындаған ХХ ғасырдың бас кезіндегі қазақ зиялыларының шоғырын топтастырған ортақ мұрат – бодандық бұғауында жаншылған елін құлдықтан, құлдық санадан құтқару, тарихи жадыны жаңғырту, өзге өркениетті елдер қатарына қосутын. Осы ортақ мұрат үшін Мағжан Жұмабаев:

34

Япыр-ай, айрылдық па қалың топтан,
Шабылып қайтпайтұғын жауған оқтан?!
Түріктің жолбарыстай жүрегiнен,
Шынымен қорқақ болып жаудан бұққан?!
Шарқ ұрып ерікке ұмтылған түрік жаны,
Шынымен ауырды ма, бітіп халы?!
От сөніп жүректегі құрыды ма
Қайнаған тамырдағы ата қаны?!
Бауырым! Сен о жақта, мен бұ жақта
Қайғыдан қан жұтамыз. Біздің атқа
Лайық па құл боп тұру? Жүр, кетелік

Алтайға, ата мирас алтын таққа [8, 40]

– деп жырлады.

Заманында дүниені дүр сілкіндірген түркі рухының отаршылдықтың салдарынан іріп-шірігенін, «жауған оқтан қайтпайтұғын, түріктің жолбарыстай жүрегінен» жаралған, «ерікке ұмтылған түрік жанды» түркі халықтарының бірігетін уақыты жеткенін жырлаған М. Жұмабаев сынды ойшылдар оқу-білімді отарлық саясат негізінде жасалған ескі әдіспен емес, зайырлы білім беруді көздейтін жаңа әдіске сай ұйымдастыру төңірегінде топтасты. Осы тұста қазақ зиялыларының түркішілдік идеясы жадидизм идеясымен ұштасты.

«Жадит» термині ХІХ ғасырдың екінші жартысында қалыптасты. «Жадид-и» арабтың «жаңа» деген мағына беретін сөзі. Алаштанушы ғалым Д. Қамзабекұлы жадидизм идеясына «Алаштың рухани тұғыры» еңбегінде: «ХІХ ғасырдың соңында Ресей империясын әлемдік озық педагогика тәжірибесіне сәйкес, алғаш рет мұсылман балаларын дыбыс жүйесімен оқытуды қырым-татары, күллі зиялының аузында жүрген ағартушысы Исмаил Гаспринский бастайды. Бұл жүйе «усул жадит» деп аталады. Қырымдағы Бақшасарайдың Зинд-жирлы медресесінде басталған осы жаңаша оқыту

әдісі санаулы жылдарда Ресейдің күллі аймағына, тіпті шетел – Үндістанға дейін тарайды», [9, 14] – деп сипаттама бере келе, жадидшілдік бағытының қазақ жерінде кең өріс алып, Алаш қозғалысына ұласу шағын 1910-1920 жылдарды қамтыды деп көрсетеді.

Жадидшілдік – саяси сипаттағы ағым емес, ағарту ісі мен руханиятты тұтастай қамтыған идеялық негізі бар ағым еді. Жадидшілдер отаршылықтан құтылудың бірден-бір жолы түркі жұртының «тілде, ойда, істе – бірлігі» және халыққа білім беру арқылы санасын жаңғырту деп білді. Мектептер мен медреселерде жүргізілетін оқу жүйелерін «жаңа әдіске» сай реформалап, діни сабақтармен қатар ғылымның әр саласынан хабар беретін арифметика, жағырапия, тарих, жаратылыстану, тіл пәндерін жүргізуді алға қойды. А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, М. Дулатұлы т.б. қазақ зиялылары жадид бастамасын батыл қолдай отырып, қазақ даласында «жаңа әдіс» бойынша сауат ашуды қолға алды, бар күштерін халыққа миссионерлік пиғылдан ада оқу-білім үйретуге жұмсады. Бірақ, күшіне енген Кеңес үкіметі «панисламист», «пантүркист» деген жалған желеумен түркі халықтарының тілде, дінде, ойда және істегі бірлігін жырлаушы қазақ зиялыларын түрлі себептермен қудалап,

«халық жауы» ретінде репрессияға ұшыратты. Мәселен, А. Байтұрсынұлы №1 «пантүркист» ретінде И.В. Сталиннің тікелей бақылауында болды. Ғұмыр бойы қудалануда болған А. Байтұрсынұлы 1937 жылы 6 желтоқсанда «халық жауы» ретінде атылды. Оның барлық еңбектері пантүркистік, антикеңестік пиғылда деген жала жабылып, жиналып-теріліп өртелінді. Тіпті, оның атын атап, шығармаларын сақтаған азаматтар ұлтшыл буржуазия өкілі, халық жауы ретінде лагерьлерге қамалып, «ит жеккенге» айдалып, ату жазасына кесіліп те жатты. Бұл тек А. Байтұрсынұлының басына түскен нәубет қана емес, Ресей империясының боданы болған барлық түркі жұртының зиялыларына келген зауал еді.

Мұндай зауал Кеңес Одағының ыдырауымен тарихқа айналғанымен, қазіргі уақытта Ресейдің отарлық саясатынан зардап шеккен түркілік рух пен бірлікті жаңғыртудың да шешілмеген түйіндері бар екені белгілі. Бірлік дегенде бірліктің мағынасын дұрыс түсінгеніміз абзал. Бірлік, Абай айтпақшы: «ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады! Бірлік малға сатылса, антұрғандықтың басы осы...» [3, 95]. Сондықтан Қазақстан Республикасының қазіргі таңда мемлекеттік

деңгейде жүзеге асырып жатқан рухани жаңғыру бағдарламасының түркі халықтарының бірлігін, рухани тұтастығын, түбі бір түркілік тарихи жадысын жаңғыртуға, қазақ тілін латын қарпіне көшіру жөніндегі шешімдері бауырлас түркі халықтарымен қазіргі өркениетте қайта тоғысуына маңызды үлес қосатынына сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Т.Жұртбай. Сүре сөз. Алматы: Экономика. – 2005. – 400 бет.
2. Остроумов Н.П. Отчет Туркестанской учительской семинарии за XXV лет ее существования. Ташкент, 1906. – С. 25.
3. Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы. Абай шығармаларының екі томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. Т.2: Өлеңдер мен аудармалар. – 2005. -336 бет.
4. Ахмет Байтұрсынұлы. Ақ жол. Алматы: Жалын. – 1991. – 464 б.
5. Қазан архиві, 968-қор, 1-тізім, 16-іс, 1-2 беттер
6. М.Мырзахметов. Қазақ қалай орыстандырылды. Алматы: Атамұра. – 1993. – 128 бет.

7. Батыгин Г.С. Вопросы по национальному вопросу: Межнациональные конфликты при социализме. Новое время. 1989, №18. – С. 25.
8. М. Жұмабаев. Алматы: Жазушы. – 2002. – 400 бет.
9. Д.Қамзабекұлы. Алаштың рухани тұғыры. Астана: Ел-шежіре. – 2008. – 357 бет.
10. С. Торайғыров. Дүние дөңгелегі айналады: таңдамалы / ред. Ә. Қайран. Халықаралық Абай клубы, Жидебай. – 2009. – 350 бет.

БӨГДЕ САНА – ОТАРШЫЛДАРДЫҢ МӘДЕНИ ҚАРУЫ

Муханбеткалиев Есбол Есенбайұлы

Аринов Ерлан Кенжебаевич

Түйіндеме: Авторлар мақалада Ресей отаршылығының түркі халықтарының сана болмысына, ойлау мәдениетіне тигізген әсерін философиядағы «сана» ұғымы арқылы қарастырады. Авторлар бауырлас түркі халықтарының сана болмысына тиген отаршылықтың зардабын Ресей империясының қазақ халқын отарлауы мысалында талдау мақсатында қазақ ойшылдарының «төл сана» және «бөгде санаға» қатысты ой-толғамдарын, әсіресе, М. Шоқайдың «Отаршылдардың мәдени қаруы» мақаласын негізгі зерттеу нысанына алған.

Отарлаушылар отарлаған елдерін өздеріне қарсы бас көтертпеу үшін бірінші кезекте халықтың елдік санасын, ұлттық намысын жоюға тырысатыны тарихтан белгілі. Бойында намысы бар халық құлдыққа көнбейді, қарудың күшімен бағындырғанымен, келешекте бәрібір азаттығы үшін күреске шығады. Осыны болдырмау үшін отарлаушылар елдің төл санасына қатыстылардың

барлығын бөгде сана арқылы тоз-тозын шығарып, бұзуға, халықтың тарихи-мәдени жадын ұмыттыруға тырысады. Отарлаушыларға тән бұл сипатты Ресей империясының түркі халықтарын отарлау саясатынан көруге болады.

Сана философиялық ұғымдардың бірі. Бұл ұғым философияда объективті шындықты бейнелеудің адамға тән жоғары формасы ретінде түсіндіріледі. Әлемдегі әр халықтың өзінің дүниеге деген өзіндік көзқарасы болатыны белгілі. Қандай да болмасын халықтың өзіндік ойлау жүйесі, дүниені бейнелеу тәсілі бар. Дүниені бейнелеуді, объективті шындықты бейнелеуді сана деп атаймыз. Ол ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениеттің, философияның негізін құрайды. Халықтың ойлау мәдениетінде сол халықтың рухани болмысы, дүниетанымы, дүниені қабылдауы мен түсінуі, дүниеге қатынасы өрнектеледі. Ұлттық дүниетаным, ұлттық ойлау тілге байланысты. Ұлттық ойлаудың басты ерекшелігі оның тілінде. Тіл арқылы ұлт өз болмысын, өмір тіршілігін, дүниеге көзқарасын бейнелейді. Неміс ойшылы Мартин Хайдеггер айтпақшы, «тіл – болмыстың үйі». Халықтың дүниетанымы тіл арқылы көрініс тауып, тіл арқылы халықтың санасының болмысы көрінетіндіктен, отарлаушы ел отар елінің ұлттық ана тілін өшіруге күш

салады. Олардың ұлттың тілін құртудың астарында отар елдің елдігін, бірлігін бұзу, ұлттық рухын құлдырату ниеті жатады.

Кеңестік кезеңде елімізде болған төңкерістер, бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстар тұсындағы қазақ халқы көрген қиындықтар, бай-кулактармен күрес, ұжымдастыру саясаты, бірнеше мәрте әдейі жасалған ашаршылықтар, қазақ зиялыларын репрессиялау, коммунизм құрудағы асыра сілтеулер салдарынан қазақ халқының ұлттық рухы құлдырады. Сол кезеңдердегі қазақтың санасын, мәдениетін, тілін, дінін ұмыттыруға бағытталған бөгде сана ілімдері құрудың алдында тұрған халықтың тарихи жадысын, рухани құндылықтарын, дүниетанымын өзгеріске түсірді. Авторлар мақалада Ресей отаршылығының қазақ халқының сана болмысына жасаған осы ықпалдарын философиядағы «төл сана» және «бөгде сана» ұғымдарына талдау жасау арқылы көрсетеді. Кеңес дәуірінде үстемдік еткен бөгде сана ілімдері мен еуропацентристік және ориенталистік өлшемдер бойынша қалыптасқан дұрыс емес таным-түсініктерді айқындайды.

Сонымен қатар, мақалада қазақ елінің тәуелсіздігінің іргетасын бекіте түсуде және қоғамдық сананы рухани жаңғыртуда барша түркі халықтарымен

ортақ өткен тарих пен мәдениеттің отаршылық заманынан, тарих сүргінінен қазіргі кезге көмескіленіп жеткен құндылықтарын жас тәуелсіз мемлекет ретінде қайта бағалау қажеттілігі, өшкенімізді жаңғыртып, тарихи тұлғаларымыз туралы, олардың дүниетанымдық мәселелері туралы объективті көзқарас қалыптастыру қажеттілігі баяндалады.

Кілт сөздер: сана, төл сана, бөгде сана, отарлық саясат, ойлау мәдениеті, түркілік дүниетаным

Abstract: This article presents influence of Russian colonization on consciousness and principles of thinking of Turkic nations through the philosophic concept “consciousness”. It examines ideas of Kazakh philosophers about “own consciousness” and “alien consciousness”, especially the article called “Cultural weapon of colonizers” by M. Shokai to analyze fallouts of colonization influenced on Turkic nations’ consciousness through the examples of Kazakh nation colonized by the Russian Empire.

It is known that first of all colonizers try to destroy national pride and consciousness of colonized nation to make them not to rebel. People with the sense of national pride will stand against slavery; even colonized nations will fight for their

independence. To prevent it colonizers destroy national consciousness by introducing “alien” consciousness and change historical and cultural legacy of the nations. This feature can be seen through Russian colonizer’s policy of Turkic nations.

Consciousness is one of philosophical concepts. This concept is explained as high form of human activity to describe objective reality. Each nation has its own world view. Every people have their own thinking, view of the world. Describing of objective reality is known as consciousness. It forms the fundamentals of centuries-long national culture and philosophy. Nation’s spiritual being, world outlook, world perception, and philosophy of life are formed through the nation’s thinking. National world outlook and national thinking is connected to language. The main peculiarity of national thinking is in its language. Nations describe its being, world outlook and world perception through the language. German philosopher Martin Heidegger said “Language is the home of the Being”. Since national world outlook and being of national consciousness are seen from its language, colonizers foster all efforts to destroy native language. They design to destroy national integrity, national spirit, and national identity.

Revolts in the Soviet period, hardships of World War I and World War II, dekulakization, collectivization, man-made famine in the territory of Kazakhstan in the first half of the 20th century, repression of Kazakh intellectuals, and hardships of establishing communism destroyed national spirit of Kazakhs. “Alien” consciousness learning had changed national historical memory, spiritual values, and world outlook of the nation. This article presents influence of Russian colonization of Kazakh nation through analyzing philosophic concepts as “own consciousness” and “alien consciousness”. It determines wrong insights formed by “alien consciousness” learning of the Soviet period, Eurocentric and oriental standards.

45

Also this article states needs to reevaluate half-forgotten values of common history and culture of Turkic nations colonized by the Russian Empire as a young independent country, and to form objective reality about the great names of Kazakh history, their world outlook. These issues are topical in the process of establishing independence and spiritual revival of Kazakh nation.

Keywords: consciousness, self-consciousness, the other mind, colonization policy, a culture of thinking, Turkic worldview

Сана философиялық ұғымдардың бірі. Бұл ұғым философияда объективті шындықты бейнелеудің адамға тән жоғары формасы ретінде түсіндіріледі. Философияда сана ұғымының күн тәртібіне қойылуы сонау ерте замандардан басталды. Философия тарихына үңілсек, сана және материя ұғымдарының қатынасы турасында ойшылдардың үлкен екі топқа бөлінгендігін аңғаруға болады. Оның бірі сананың материядан тәуелсіздігін және оның біріншілігін мойындайтын идеализм ағымы болса, екіншісі керісінше, материяның санадан тәуелсіздігін және оның біріншілігін жақтайтын материализм ағымы еді. Идеалистер мен материалистер арасындағы тартыс философия тарихының өң-бойынан көрінеді. Тіпті, диалектикалық марксизм өкілдері философияның негізгі мәселесін сананың материяға қатынасы деп біржақты анықтады. Біржақты дейтініміз философияның негізгі мәселелері тек сананың материяға қатынасынан көрініс табуы мүмкін емес, себебі философия бұл қатынастар төңірегіндегі ғана сұрақтармен айналысып қана қоймайды. Оның айналысатын мәселелер аумағы тым кең. Философия ғылым ғана емес, оның ғылыми тұсынан гөрі дүниетанымдық негіздері басымырақ. Біз білетін барлық ғылымдардың нақты зерттеу объектісі, пәні, заңдары,

түсініктері (категориялары), сол ғылым сүйенетін ұстанымдары, зерттеу әдіс-тәсілдері бар. Егер философияға Еуропа ойшылдарының көзімен қарайтын болсақ, әсіресе марксизм ілімі, философия, сөзсіз, ғылым болып табылады. Бірақ Еуропа философиясымен мойындалған түсініктер мен ұғымдар әлемнің барлық халықтарының дүниетанымы үшін әмбебап бола алар ма екен? Әлемдегі әр халықтың өзінің дүниеге деген өзіндік көзқарасы болатыны белгілі. Қандай да болмасын халықтың өзіндік ойлау жүйесі, дүниені бейнелеу тәсілі бар. Жоғарыда дүниені бейнелеуді, объективті шындықты бейнелеуді сана деп анықтаймыз дедік. Ол ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық мәдениеттің, философияның негізін құрайды. Халықтың ойлау мәдениетінде сол ұлттың рухани ерекшелігі, тыныс-тіршілігі, сезімі, дүниетанымы, адамдардың өзара қатынасы, құндылықтарды түсіну мен қабылдау формасы өрнектеледі. Жеке бір халықтың ойлау мәдениетінің болуымен қатар, сол халықтың ойлау жүйесін өзінің дүниетанымының негізіне айналдырған, ұлттық ойлаудан нәр алған данышпандары да болады. Сондықтан халықтың дүниетанымын басқа бір халықтардың дүниетанымымен салыстырып, бір халықтың дүниетанымында қамтылмай қалған сұрақтарды,

түсініктерді екінші халықтың дүниетанымынан тауып алып, біріншісіне қарағанда екіншісінің дүниетанымы философияға жақынырақ деп анықтауға болмайды, бұл жалған түсінік. Жер бетіндегі халықтар бір-бірінен дүниетанымдарымен ерекшеленеді. Қазақты қазақ қылатын оның өзінің ұлттық дүниетанымы, бұл – оның төл санасы. Егер оның дүниетанымына бөгде жұрттың дүниетанымын телісек, бұл сырттан келген бөгде сана болады.

Төл сана ұлттық тілге байланысты болады. Тілі арқылы, сөзі арқылы ұлт өз болмысын, өмір тіршілігін, дүниеге көзқарасын бейнелейді. Неміс ойшылы М.Хайдеггер айтпақшы, «Тіл – болмыстың үйі». Халықтың дүниетанымы тіл арқылы көрініс табады, тіл арқылы халықтың санасының болмысы көрінеді.

Отарлаушы елдердің не себепті отар елінің ұлттық ана тілін өшіруге күш салатыны белгілі болды. Олардың ұлттың тілін құртудың астарында отар елдің елдігін, бірлігін бұзу, ұлттық рухын құлдырату ниеті жатыр. Бойында намысы бар халық құлдыққа көнбейді, қарудың күшімен бағындырғанымен, келешекте бәрібір азаттығы үшін күреске шығады. Осыны болдырмау үшін отарлаушылар елдің төл санасына қатыстылардың

барлығын бөгде сана арқылы тоз-тозын шығарып, бұзуға, халықтың тарихи-мәдени жадын ұмыттыруға тырысады. Отарлаушыларға тән бұл сипатты Ресей империясының түркі халықтарын отарлау саясатынан көруге болады.

Бауырлас түркі халықтарының сана болмысына тиген отаршылықтың зардабын Ресей империясының қазақ халқын отарлауы мысалында талдау мақсатында қазақ ойшылдарының «төл сана» және «бөгде санаға» қатысты ой-толғамдарын, әсіресе, Мұстафа Шоқайдың «Отаршылдардың мәдени қаруы» мақаласын негізгі зерттеу нысанына алайық.

М. Шоқайдың 1937 жылы жазылған «Отаршылдардың мәдени қаруы» мақаласында түркі халықтарының басына орнап жатқан мәдени және ұлттық бодандықтың белгісі ретінде орыс халқының әйгілі ақыны А.С. Пушкиннің Кеңес үкіметінің насихат құралына айналғандығы айтылады. Ол мақаласында: «Көптен бері кеңес баспасөз беттерінен түспей келе жатқан бір есім бар. Ол – Пушкин есімі, «Пушкиннің өмірбаяны», «Пушкин дәуірі», «Пушкин және декабристер», «Пушкин және бостандық», «Пушкиннің туған жері», «өлген жері», Пушкин... Пушкин... Міне, осылайша Пушкиннің атына байланысты жазылған материалдар бүкіл орыс баспасөзі

беттерін ғана емес, орыс емес халықтар беттерін, сол қатарда біздің Түркістан басылымдары беттерін де жауып жатыр», [1] – дей келе, Пушкиннің Кеңес Үкіметіне және оның жүргізіп отырған саясатына, большевизмге еш қатысы болмағанымен, оның Кеңес Одағындағы барлық халықтардың ақыны деп мәлімденуін «Кеңес патриотизмі желеуі астында орыс патриотизмін, орыс ұлтшылдығын дәріптеу бағыты үстемдік алды. Сонымен, кеңестік патриотизмге қызмет ету үшін жегілген бас тұлғалардың бірі – орыс ұлтшылдарының серкесі – Пушкин болып отыр», – деп түсіндіреді. Пушкиннің өліміне 100 жыл толуына орай орыс емес барлық халықтардың тілдеріне Пушкин шығармаларын аудару міндеттелген кезде кейбір ақындардың ұраншылдыққа салынып, әсіре сілтеулерін М. Шоқай әлгі мақаласында: «Біздің ақын «тіліміз тек Пушкин шығармалары арқасында байып, ажарлана түсті» деп көкіді. «Мәдени бодандықтың» бұдан өткен сорақы түрі, сірә, бола қоймас! Пушкин шынында талантты, бостандық сүйгіш ақын. Алайда, ол – орыс ақыны. Осы күнге дейін еуропалықтарға жат саналып келген ол біздің түркістандықтар үшін де жат еді және бұдан кейін де солай болып қала береді», [1] – деп, отаршылдардың Пушкиннің атын жамылып, түркі халықтарының танымына бөгде

танымды сіңіру әрекеттерін әшкерелейді. Бұл жерде бір ескерерлігі М. Шоқай Пушкиннің жеке басына қатысты ешқандай сын айтып отырған жоқ, Пушкиннің тамаша поэзиясын большевиктер біздің халыққа қарсы жұмсайтын мәдени қаруға айналдырып отырғанын сынайды. М. Шоқай мақаласының соңында: «Орыс халқы Пушкинімен мақтануға хақылы. Пушкин де оған тұратын тұлға. Алайда, Пушкин мұралары біздің халқымыздың таным-түсінігіне, рухани болмысына ешбір жанаспайды. Сол себепті оның шығармаларын күштеп аудартып, оның есімін балиғатқа толмаған жас ұрпақтарымыздың санасына зорлап сіңіруге бағытталған большевиктік іс-әрекеттер біздің халқымыздың басына орнаған мәдени және ұлттық бодандықтың ең жарқын белгілерінен басқа ештеңе де емес», [1] – деп қорытындылайды.

Шынында, бөгде мәдениеттің үлгілерін талғамсыз аударып, оны жас ұрпақтың санасына сіңіру ісінің салдары төл дүниетанымға ауыр тиетіні бар. Бұл ауырлықты сезбесе аудармашылыққа талғампаздықпен және ой тереңдігімен қарайтын хакім Абай бөгде мәдениет туындыларын оңды-солды аудара берер ме еді? Абайдың осы талғамын байқаған академик Ғарифолла Есім көңілге тұщымды ой айтады. Ол өзінің «Қазақ философиясының

тарихы» аталатын еңбегінде: «Абай орыс ақыны Александр Пушкиннің өлеңмен жазылған «Евгений Онегин» деген романын толық аудармаған, одан үзінділер тәржімалаған. Неге Абай романды қазақ тіліне толық аудармаған, әрине, оның себебін дәп басу айту қиын, бірақ та ойлаймын, егер «Евгений Онегин» толық аударса, оны қазақ оқырмандары қабылдас еді, сірә, Абай соны түсінген. Қазақ оқырмандары махаббат, ғашықтық тақырыбына «Ләйлі Мәжнүннен» бастап классикалық туындылармен сусындап келе жатқан қауым, сондықтан олар Онегиннің Татьянаға шала-жансар сезімін қалайша қабылдамақ», [2, 129-130] – деп, шығыс халықтарының танымындағы махаббат ұғымы мен бөгде жұрттың танымындағы махаббат ұғымының арасындағы өзгешелікті атап өтеді. Боданындағыларды «мәдени құлға» айналдыруды көксеген отаршылдар дүниетанымдағы осындай өзгешеліктерді ескермей, төл санаға жат түсініктерді тықпалау арқылы дұрыс емес таным-түсініктерді әдейі қалыптастырады.

Отаршылық кезеңінде дұрыс емес таным-түсініктерді қалыптастыру үшін қазақ халқының тарихы, философиясы, руханияты еуроцентристік және ориенталистік сүзгіден өтіп отырды. Отаршылық дәуірдегі

қоғамдық сананы зерттеуші қазақ философтарының бірі М.С. Бурабаев XX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазақстанның барлық қоғамдық ғылымдар саласын еуроцентризмнің ықпалында болғандығын зерттеу еңбектерінде көрсеткен. Ол: «Наша республика вопреки воле народа, в составе СССР оказался в системе мифического российского евроцентризма. В ходе колониальных захватов и становления современного Запада сложилась система идеологических мифов, названная евроцентризмом», [3, 91] – деп, еуроцентризмнің пайда болуын Еуропаның кейбір елдерінің өздерінен әлсіз елдерді отарлау саясатына байланысты түсіндіреді.

Еуроцентризм еуропалық халықтардан басқасының төл танымын ескермейтін, басқа халықтардың руханияттағы, ғылымдағы жетістіктерін елемейтін әмбебап сана қалыптастыруға ұмтылады. Бұл ұстаным бойынша Еуропа өркениетінің жүріп өткен жолынан басқа дұрыс жол жоқ. Барлық этностардың түсінігі, дүниетанымы, санасы еуроцентризмнің өлшемдерімен, түсініктерімен өлшенуі керек. Еуроцентризмнің кемшілігі де осында. Әр этностың өзіндік санасы, өзіндік болмысы, өзіндік танымы, өзіндік тыныс-тіршілігі бар. Сондықтан әр этностың осы

ерекшеліктерін әмбебап сана жасап берген «өлшемнің» қалыбына салып өлшеуге болғанымен, этностың төл «өлшемдері» әмбебап «өлшемдердің» арнасынан түптің-түбінде асып шығатыны да бар.

Еуроцентризмнің әмбебап сана өлшемдерін бұзып жарып шыққан тарихтағы мысалдардың бірі ретінде Үнді халқының ағылшындарға қарсы күресінің көшбасшысы Джавахарлал Неруді айтуға болады. Дж. Неру 1955 жылы жазылған «Үндістанның ашылуы» атты еңбегінде мынадай ойларды айтады: «Индиялық ұлтжандылықтың жатжұрттық билікке қарсы бірігуі – заңды әрі солай болуға тиісті құбылыс еді. Соған қарамастан, біздің зиялыларымыз XIX ғасырдың аяғына дейін саналы түрде немесе оны қаперіне алмастан империяның ағылшындық идеологиясын қалай қабылдап келді десеңші. Өзінің барлық уәжін соған негіздеп құрды, тек ішінара ғана оның кейбір сыртқы сыпаттарын сынаумен шектелді. Тарих, экономика және басқа да пәндер мектептер мен университеттерде оқылатын Британ империясының көзімен жазылды және оның біздің өткеніміз бен бүгінгі күндеріміздегі көптеген кемшіліктерімізге иек сүйей отырып, ағылшындардың жасап берген жақсылықтары мен олардың «ұлттық парызы» баса көрсетілді. Біз белгілі

мөлшерде осынау жалған пайымдауды қабылдадық, тіпті оған іштей қарсы тұратын күннің өзінде ол бізге өз ықпалын жасады. Өйткені менің елімнің тарихы ағылшындардың көзқарасымен жасалған тарих еді» [4, 283].

Қазақ елінің тарихы да солай жазылды. Ресейдің қоластына қосылмай тұрғандағы Қазақ халқының тарихы бұрмаланды, мемлекеттігінің болғандығына күмәнмен қаралды. Ресейді отарлаушы ел емес, керісінше өз еліндегі қанаушылардан құтқарушы, қазақтың көкірек көзін ашушы, қазаққа теңдік алып беруші ретінде көрсетілді. Марксизм-ленинизм ілімдеріне сай келетіндері асыра дәріптеліп, оған мазмұны келмейтіндер терістеліп отырылды. Ғылымға еуроцентристік өлшеммен қаралды. Қазақ тарихына оң көзбен қараған ғалымдар қудаланды. Мәселен, Е. Бекмахановты Кенесары Қасымұлы көтерілісін зерттеуге арналған «XIX ғасырдың 20-40 жылдардағы Қазақстан» (1947 жыл) атты монографиясы үшін 1952 жылы 4 желтоқсанда Қазақ КСР Жоғарғы сотының сот алқасы 25 жылға бас бостандығынан айырды. Шынайы тарихты жазушы ғалымға мұндай жаза кесу Батыс Еуропадағы инквизиция сотынан кейінгі заманда әлемнің бірден-бір елінде орын алмаған сорақы жағдай еді.

Өз халқының өткені туралы жақсы көзқараста болған А. Жұбанов, Х. Жұмалиев, Б. Сүлейменов, Е. Смаилов, Ә. Әбішев, Қ. Аманжолов, Қ. Бекхожин, С. Бегалин, Қ. Сәтпаев, М. Әуезовтер сияқты ғалымдар, жазушылар мен өнер қайраткерлері саяси және буржуазиялық-ұлтшылдық қателіктер жіберді деп нақақтан танылған айыптармен кудалануға ұшырады. А. Құнанбайұлы, Ш. Құдайбердіұлы, «Зар заман» ойшылдары, Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, Т. Рысқұлов сынды азаматтардың атын атауға мүлдем тыйым салынды.

Кеңестік кезеңде елімізде болған төңкерістер, бірінші және екінші дүниежүзілік соғыстар тұсындағы қазақ халқы көрген қиындықтар, бай-кулактармен күрес, ұжымдастыру саясаты, бірнеше мәрте әдейі жасалған ашаршылықтар, қазақ зиялыларын репрессиялау, коммунизм құрудағы асыра сілтеулер салдарынан қазақ халқының ұлттық рухы құлдырады. Құлдыраған сол рухты қазіргі кезде қайта жаңғыртып жатқан жайымыз бар. Ұлттық рухтың, ортақ түркілік рухтың жаңғыруына екі жағдай әсер етіп жатыр деп айта аламыз. Біріншісі, ата-бабаларымыздың ешбір өзге елге бағынбайтын, азат ұлттық мемлекет құру туралы қиялын, арманын, мақсатын шындыққа айналдырып, еліміздің тәуелсіздікке қол

жеткізуі болса, екіншісі — қарға тамырлы қазақтың қалыптасуынан бастап, осы кезге дейінгі тарихын қайта зерделеу, мәдениетін, әдебиетін, данышпан ғұламаларын қайта тану.

Тарихымыз бен данышпандарымызды, тарихи тұлғаларымызды қайта тануды қолға алып жатсақ та, еңсерілмей отырған мәселелер жоқ емес. Бұл, Шәкәрім Құдайбердінің сөзімен айтсақ, «Басқа жұрт қазақты, әсіресе өзіміз —надан, білімсіз, өнерсіз, мәдениетсіз дейміз. Өнерсіз надан қалғанымыз рас. Бірақ жете тексерсек, біздің де зор білімді адамдарымыз болған. Жер жүзіне жайылған, ғылым іздеп, өмірін сарп еткен бабаларымыз өткен. Әбу Насыр, Әбу Сина, Қорқыт, Ұлықбек тағы-тағылар түрік қауымынан, бізден шыққан. Тіпті кешегі өткен Әнет Бабаның өзі ғалым-философ адам екен. Соны да тани алмай, баға бере алмай келдік қой. Абайға не қылмадық, не көрсетпедік — қарғадық, сөктік, жала жаптық, ұрдық, соқтық, талас-тартыс, ру партиясын қуумен өттік қой. Нақыл сөздердің иесі, алтын қазынаның қорларын жасаған — Асан, Бұқар, Марабай, Марқасқа, Өтеген, Үмбетей сияқты дүлдүл, төкпе ақын, жыраулар, осыларды жете ұғынып, түсіне алдық па? Жоқ!» [5, 31-32]. Оларды жете ұғынып, дұрыс тани алмауымыздың себебі

отаршылдардың мәдени қаруы – бөгде санамен таным-түсінігі қалыптасқан, әлі де еуроцентризмнің ықпалында қалып отырған ғылыми жүйеміз, құлдық санамыз. Тіпті, ұлттық философияның өзі батыстық үлгідегі парадигмалардан, қағидалардан, категориялардан, заңдардан бас тарта алмай келеді. Ресей отаршылығымен келген құлдық сана мен еуроцентристік өлшемдерден арылу қазақ елінің тәуелсіздігінің іргетасын бекіте түсуде және қоғамдық сананы рухани жаңғыртуда, барша түркі халықтарымен ортақ өткен тарих пен мәдениеттің отаршылық заманынан, тарих сүргінінен қазіргі кезге көмескіленіп жеткен құндылықтарын жас тәуелсіз мемлекет ретінде қайта бағалауда, тарихи тұлғаларымыз туралы, олардың дүниетанымдық мәселелері туралы объективті көзқарас қалыптастыруда аса қажет екенін барлығымыз мойындауымыз керек. Мойындап қана қоймай, бабаларымыздың дүниетанымын түсінуде қазақтық өлшеммен келу, олардың тарихтағы орындарын дұрыс бағалау біздің ата-баба алдындағы борышымыз. Борышымызды өтей алсақ қана, қоғамда дұрыс таным-түсінік қалыптастыра аламыз деп ойлаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

М. Шоқай. Тандамалы шығармалары: I том.
[https://kitap.kz/books/bota_tandamali1/read#epubcfi\(/6/130\[id 65\]!/4/2/2/1:0\)](https://kitap.kz/books/bota_tandamali1/read#epubcfi(/6/130[id 65]!/4/2/2/1:0))

Ғарифолла Есім. Қазақ философиясының тарихы.
Алматы: «Қазақ университеті». – 2006. – 216 бет.

М.С. Бурабаев. Партия разрушает историческую и культурную память туранцев. Алматы, 2009, С. 290.

Тарих. Адамзат ақыл-ойының қазынасы. Он томдық. Әлемдік тарихи ой. Астана: Фолиант. – 2006. – 423 бет.

А. Шәкерімұлы. Менің әкем, халық ұлы –Шәкерім // Жұлдыз. – 1992. – №11.

ТАРБАҒАТАЙ ТАУЛАРЫНДАҒЫ ТАБИҒАТ ЕСКЕРТКІШТЕРІ

**Тлеубергенова К.А., Карменова Н.Н., Ашимов Т.Т.,
Зиявдинова А.К., Тоқсабаева М.Е., Сатыбалдиева
А.У. Маханова А.С.**

Түйіндеме

Сауыр-Тарбағатай аумағының туынды тау құралулары, аккумулятивті жазықтар, денудациялық биіктікті жазықтар облысына жатады. Маңырақ жотасының баурайларындағы Оңтүстік Зайсан алды өлкесінде ашық қызыл түсті шоқтары бар стратиграфо-палеонтологиялық табиғи ескерткіштер бар. «Киін Керіш» және «Алаулаған адырлар» атты, «Голубой залив» геолого-палеонтологиялық, геоморфологиялық және «Пылающие Асыры», «Шілікті» табиғат ескерткіштері мен «Ашутас» геолого-палеоботаникалық табиғат ескерткіші бар. Ашутас басқа ешбір жерде кездеспейтін қазіргі сирек өсімдіктерімен әйгілі.

Палеоботаник ғалымдар ол жерлерден жапырақтар мен мәңгі жасыл субтропикалық өсімдіктер тозандарының тасқа айналған іздерін, сондай-ақ жылу сүйгіш

термиттердің, инеліктердің және басқа да жәндіктердің іздері табылған. Осы олжалардың барлығы осы аймақтың 25 миллион жыл бұрын болған субтропиктік климаты туралы мәлімет береді. Оңтүстік Зайсан өңіріндегі табиғаттың палеонтологиялық ескерткішінің бірі- алқызыл түске боялған Маңырақ таулы жотасы-«Алаулаған адырлар» аталынған. Топырақтың түрлі-түске- қызыл-жарқын, қызыл-қоңыр, қоңыр-жасыл түстерге орана құбылуы сонау мезозой заманындағы жылы және дымқыл климаттың әсерінен болған құбылыс.

«Қиын - Керіш» табиғат ескерткіші – саздық эрозиялық шұңқырлар мен жыралардан тұратын, тақырлар мен бөлінген жер бедері пішіндерімен ерекшеленеді. Киін-Керіш шатқалы – ала-құла түрлі түсті, қызыл сазы басым эрозиямен ашылып қалған шөгінділер. Су және желмен жуылған саз-балшық бұл жерде ашық, күрделі ландшафт жасайды. Бұл – үштік саз-балшықпен қабатталған, әсемдігі мен бірегейлігіне сөз жетпейтін, қызыл, ақ және қызғылт сары қайталанбас құрылыстары бар өлке. Алыстан карағанда Киін-Керіш құздары мен сазды жартастары жердегі шашырап жатқан алауға ұқсайды. Осы үшін оларды "Алаулаған адырлар" деп атайды. «Асубұлақ» геологиялық-минералды қорықшасы аумағында жер

бетіне шығып жатқан сирек кездесетін металдар, 100- ден аса минералдар, бағалы асыл тастар: турмалин, апатит, тау хрусталі, лепидолит және басқа да минералдар кездеседі. «Голубой залив» – геологиялық петрологиялық табиғат ескерткіші аумағы 280 млн. жыл бұрын жер бетінде балқыған магманың шығып, жүруі, жолақты түзілімі бар нұсқадағы граниттерімен ажыратылады. «Пылающие Асыры»-табиғат ескерткіші – ежелгі жабық және жалаңаш тұқымды өсімдіктердің қалдықтарынан сүйек қалдықтары мен динозавр жұмыртқасының қабығынан тұратын ТМД-да алғаш рет табылған әртүрлі түсті саздар: алевролит, құмдардың түзілімдерінен тұрады.

62

Табиғатты қорғау жөніндегі шаралар көбінесе тек экономикалық және экологиялық ғана емес, сондай-ақ ШҚО өңірінде туризмді дамыта түсуге дәлел бола алады. Осынша керемет, ғажайып, қайталанбас кешенді дала жүйесінің табиғатын қалайда сақтап , табиғи қалпын қорғайтын болайық!

Кілт сөздер: стратиграфо-палеонтологиялық, табиғи ескерткіштері, «Киін Керіш», «Алаулаған адырлар», геолого-палеонтологиялық, геоморфологиялық, субтропикалық өсімдіктер.

Summary

The territory of the Saur-Tarbagataysky area belongs to the region of mountain valleys, accumulative plains, denudation altitude plains. There are stratigrapho-paleontological natural monuments with open-pitched wreaths in the South Zaysan Krai on the slopes of the Makhachk Ridge. There are geological-paleontological, geomorphologic and "Beatiful Assyria", "Shiliky" natural monuments and "Ashutas" geologo-paleobotanical nature monument "Blue Horizon", "Kyin Kerish" and "Hell Horses". Ashutas is famous for its rarest plants nowhere else. It has received its name on the sulfur fragrance that is separated from the carbonated plant residues. Ashutas means a bitter stone in the Kazakh language. Paleobotanic scientists have discovered traces of stems on the leaves and evergreen subtropical vegetation dust, as well as traces of thermal termites, insects and other insects. All these findings provide information on the subtropical climate of this region about 25 million years ago. One of the paleontological monuments of nature in the South Zaysan region is the magnificent mountain ranges of the Manguk mountain range, which are painted in a pink color, called "Fallen Hills". The soils vary from bright to red, brown, brown to green, and are

influenced by the warm and humid climate in the Mesozoic time.

Nature monument "Difficult - Kerish" is characterized by clayey erosion shrubs and horses, with the tops and divided reliefs. Kyin-Kerish canyon is a sedimentary rock that is dominated by erosion, predominantly of different colors. Wet and clay dirt creates an open, sophisticated landscape here. It is a triangular clay-dirt floor with a unique red, white and pink yellow edges. From the distance Kyin-Kerish rocks and clay rocks look like a flaming scattering on earth. For this purpose, they are called "Hell Horses". In the territory of the "Asubulak" geological mineral reserve there are rare earth metals, more than 100 minerals, valuable gemstones: tourmaline, apatite, mountain crystal, lepidolite and other minerals. "Golubayiv" - a geological petrologic monument territory of 280 million tenge. years ago, the magma was dislodged on the surface with the granite in the variant with a striped formation. "Burthy Assyria" - a monument of nature - consists of alveoliite and sands of various types of clay found in the CIS for the first time in the CIS, consisting of bone remnants and dinosaur egg shells from ancient and naked seeds. Environmental protection measures can often be attributed not only to the economic and environmental but also

to the development of tourism in the EKO region. Let's preserve the nature of this wonderful, wonderful, unique complex steppe system and protect its natural state!

Key words: stratigrapho-paleontologic, natural monuments, «Kyin Kerish», «Destroyed hills», geologo-paleontologic, geomorphological, subtropical plants.

Тарбағатай тауларының негізгі орографиялық бірліктеріне Саур-Тарбағатай, Қалба таулы құрылыстары, Ертіс маңы жазығы, Зайсан және Алакөл тауаралық ойпаттары жатады. Сауыр-Тарбағатай аумағының туынды тау құралулары, аккумулятивті жазықтар, денудациялық биіктікті жазықтар облысына жатады. Шығыс Қазақстанның шектерінде жекеленген аласа таулы сілемдер ерекшеленеді: орталығында Қаншыңғыс, Шыңғыстау, Ақшатау жоталары, шығысында Сағымжол тауы, оңтүстік-батысында Котанемел, Қараүңгір таулары, солтүстік-шығысында Мыржық тауы. Шығысында Қазақтың ұсақ шоқысы Алтай, Тарбағатай, Сауыр тау жүйелерімен бірігеді.

Маңырақ жотасының баурайларындағы Оңтүстік Зайсан алды өлкесінде ашық қызыл түсті шоқтары бар стратиграфо-палеонтологиялық табиғи ескерткіштер бар.

«Киін Керіш» және «Алаулаған адырлар» атты геолого-палеонтологиялық және геоморфологиялық табиғат ескерткіштері мен «Ашутас» геолого-палеоботаникалық табиғат ескерткіші бар [1].

Ашутас" геологиялық-палеоботаникалық табиғи ескерткіші мемлекет қорғауындағы үштік дәуірдің зор ғылыми маңызға ие үйінділері болып табылады (Сурет 1).



Сурет 1 Ашутас" геологиялық-палеоботаникалық табиғи ескерткіші

Ашутас Тарбағатай және Күршім аудандарының аумағында орналасқан. ШҚО-дағы тарихи байырғы тропиктердің қандай болғандығын ғалымдар Ашутастан сол кездегі өсімдіктер тозаңы табылғаннан кейін жорамалдай алды. Қарама-қайшы жағдайлар мен жануарлар әлемі ауысымының осындай кеңістігі салыстырмалы түрде үлкен емес аумақта көрінеді. Жануарлар мен өсімдіктердің тасқа айналған қалдықтарына қарап өлкенің эволюциялық дамуы туралы

қорытынды жасауға болады. Мұның бәрі өте құнды ғылыми материал болып табылады. Бұл табиғи ескерткіштің ауданы 150 гектарды құрайды. Өз атауын ол көмірленген өсімдік қалдықтарынан бөлінетін күкірт иісіне байланысты алған. Ашутас қазақ тілінде ащы тас дегенді білдіреді. Ашутас басқа ешбір жерде кездеспейтін қазіргі сирек өсімдіктерімен әйгілі. Ашутас Қара Ертістің оң жағалауында таудың оң жақ баурайында Боран ауылынан 18 шақырымға биік орналасқан. Палеоботаник ғалымдар ол жерлерден жапырақтар мен мәңгі жасыл субтропикалық өсімдіктер тозаңдарының тасқа айналған іздерін тапқан, олардың ішінде мерей мен магнолия сынды ағаш тәріздес өсімдіктер, сондай-ақ жылу сүйгіш термиттердің, инеліктердің, өзеншіктердің және басқа да жәндіктердің іздері табылған. Осы олжалардың барлығы осы аймақтың 25 миллион жыл бұрын болған субтропиктік климаты туралы мәлімет береді [4].

Оңтүстік Зайсан өңіріндегі табиғаттың палеонтологиялық ескерткішінің бірі- алқызыл түске боялған Маңырақ таулы жотасы-Алаулаған адырлар аталынған. Топырақтың түрлі-түске- қызыл-жарқын, қызыл-қоңыр, қоңыр-жасыл түстерге орана құбылуы сонау мезозой заманындағы жылы және дымқыл климаттың

әсерінен болған құбылыс. Аймақ өңірінде бентонит саз балшығы мен цеолиттің мол қоры бар. 1959 жылы бұл жерден бірінші рет динозавр жұмыртқасының қауызы, сәл кешірек шағын динозаврлардың қаңқалары табылған. Алаулаған адырлардың шығысына таман, Сауыр жоталарының етегінде өсімдіктердің, теңіз балықтарының т.б.таңбалары, сол сияқты, жираф, ат, мүйізтұмсық т.б. жан-жануарлардың қаңқалары кездеседі. Бұндай жағдайлар өлкенің эволюциялық даму кезеңдерінен құнды мағлұматтар беріп келеді.

«Қиын - Керіш» табиғат ескерткіші – саздық эрозиялық шұңқырлар мен жыралардан тұратын, тақырлар мен бөлінген жер бедері пішіндерімен ерекшеленеді. Өртүрлі түстегі саздар субтропикалық фауна қалдықтары үштік кезеңнің жануарлары: бронтотерия, энтелодонттардың қанқа сүйек қалдықтарынан тұрады. Киін-Керіш шатқалы – ала-құла түрлі түсті, қызыл сазы басым эрозиямен ашылып қалған шөгінділер. Су және желмен жуылған саз-балшық бұл жерде ашық, күрделі ландшафт жасайды. Бұл – үштік саз-балшықпен қабатталған, әсемдігі мен бірегейлігіне сөз жетпейтін, қызыл, ақ және қызғылт сары қайталанбас құрылыстары бар өлке. Алыстан қарағанда Киін-Керіш құздары мен

сазды жартастары жел тұрғанда шашырап жатқан алауға ұқсайды. Осы үшін оларды "Алаулаған адырлар" деп атайды [1,2].

Киін-Керіш жазығының басты атауы "Асқақ әдемілік" деген мағына береді. Сондай-ақ "Рухтар қаласы" деген атау да жиі қолданылады. Жұлқынған тас алауы, жақсылап қарағанда, расымен де мұнараларды, сарайлар мен кертпештерді еске түсіреді. Жабайы тастары бар алып шұңғыма біршама үрейлендіреді, ал оның алыптығы естен тандырады (Сурет 2,3).



Сурет 2 Киін-Керіш жазығы



Сурет 3 «Қиын - Керіш» табиғат ескерткіші немесе
«Алаулаған адырлар»

Бұл өңірдің қуатты, бірақ "қаһарлы" энергетикасы туралы жиі айтылады, осы кезде бұлттардың біртүрлі диск тәріздес формалары байқалады. Олар расымен де тек қана Киін-Керіштің төбесіне үймелеп тұрады. Бұл өңірдің флорасы мен фаунасы да тартымды болып келеді. Сексеуілден басқа, өсімдік әлемі аймақтық деңгейде қорғауға алынған өсімдіктердің 2 сирек кездесетін түрлерімен көрінеді: Крылов сасыры және сұр атрафаксис. Киін-Керіш пен оның өңірлері жануарлардың сирек кездесетін түрлері мекендейтін, Зайсан ойпатындағы жалғыз орын. Олардың арасында Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген *сары лемминг* сияқты сүтқоректілер бар. Фаунаның осы бір өкілі, Киін-Керіш жануарлар әлемінің басқа да өкілдері сияқты ғалымдардың ерекше қызығушылығына ие, себебі олар қазіргі геологиялық

кезеңде құрып кету қаупінде тұр. Олардың ең жоғарғы популяциясы кезеңдерінде олар Қызыл Кітапқа енгізілген сүтқоректі жыртқыштар мен құстардың азықтық нысандары болған. Киін-Керіштің сазды құздарында Қазақстанның Қызыл Кітабына тіркелген үкі , балобан-ителгі , дала бүркіті сияқты құстар ұя салады. Сондай-ақ бұл жерлерден бүркітті , қарақұрсақты бұлдырды , құрды да кездестіруге болады.

«Асубұлақ» геологиялық-минералды қорықшасы – оның аумағында жер бетіне шығып жатқан сирек кездесетін металдар орындарымен қызықты екені мәлім. Мұнда 100- ден аса минералдар, оның ішінде бағалы асыл тастар: турмалин, апатит, тау хрусталі, лепидолит және басқа да минералдар металдар құрамында кездеседі. «Голубой залив» – геологиялық петрологиялық табиғат ескерткішінің аумағында 280 млн. жыл бұрын жер бетінде балқыған магманың шығып отыруы, жолақты түзілімі бар нұсқадағы граниттерімен ажыратылады [4].

«Пылающие Асыры»-табиғат ескерткіші – ежелгі жабық және жалаңаш тұқымды өсімдіктердің қалдықтарынан сүйек қалдықтары мен динозавр жұмыртқасының қабығынан тұратын ТМД-да алғаш рет табылған әртүрлі түсті саздар: алевролит, құмдардың

түзілімдерінен тұрады. «Шілікті» ескерткіштері: ерте сақ мұрасы. Шілікті жазығын - теңіз деңгейінен 1050–1150 м биіктікте орналасып жатқан алқапты Тарбағатай, Сауыр, Маңырақ таулары қоршай орналасқан. Осы тегіс жазықты жүріп өткенде, көне қола дәуірінен бастап, темір дәуірі, түркі кезеңі және этнографиялық кезең ескерткіштерін кездестіруге болады. Алғашқы Шілікті алқабы туралы мәліметтер орыс зерттеушілері Н. Коншин, В. Никитиннің хабарламаларында кездеседі. 1909-1910 жылдары Семейлік гидротехник Г. Бокий осы Шілікті жазығындағы Шағаноба деген қорымдағы бір обада қазба жұмыстарын жүргізген. Алайда бұл алқап ескерткіштерінің шын мәнінде кәсіби тұрғыдан зерттелуі 50-60 жылдардан бастау алады. Бүгінгі таңға дейін жалғасып келе жатқан Шілікті археологиялық экспедициясы қазба жұмыстарын жүргізіп, барлау жұмыстарының нәтижесінде көптеген белгісіз ескерткіштерді есепке алып, олардың төлқұжатын жасаумен айналысып келеді.

1949 жылдан бастап белгілі археолог С.С. Черников Шілікті жазығында археологиялық барлау жұмыстарымен қатар, 1952, 1959, 1960-62 жылдарда қазба жұмыстарын жүргізген болатын. Осы көп жылдардағы зерттеу жұмыстарының нәтижелерін өзінің 1965 жылы жарық

көрген «Загадка Золотого кургана» деген еңбегінде жариялаған. Бұл еңбек сақтарға қатысты тың мағлұматтар берілуімен ерекшеленген. Жетпісінші жылдармен шектелген Шілікті алқабы ескерткіштерінің зерттелу тарихы 2000 жылдардың басынан бастап жаңа бағытта қарқын алды. Аумағы 283,3 мың шаршы км – ШҚО аумағына шаққанда мұндай табиғи нысандардың саны өте аз деуге болады. Аумақта қорғалатын табиғи аумақтар жүйесін ұйымдастыру, қорғауды қамтамасыз ету, нашарлап тозған экожүйелерді қалпына келтіру мәселелерін ғылыми тұрғыдан негіздеу қажет. Қорықшаларды геологиялық құрылымы, жер бедері, сирек өсімдіктер, қазба байлықтары мен жануарлар әлемі бай жерлерде ұйымдастырылатынын ескерсек, тиімділігі еселене түспек. Соған орай келешекте осы аумақта қорықтар мен табиғат саябақтарын ұйымдастыруға толық мүмкіндік бар [5].

Табиғатты қорғау жөніндегі шаралар көбінесе экономикалық және экологиялық міндеттерді шешу үшін пайдаланылады. Келтірілген осы мысалдар ШҚО өңірінде табиғат қорғау шараларын және туризмді дамыта түсуге дәлел бола алады және осы ғылыми жұмыстар келешегінің маңыздылығының зор екендігін көрсетеді. Оларды шешуде бірін-бірі

толықтырып отыратын экологиялық және географиялық, геоақпараттық жүйе т.б зерттеу әдістері маңызды рөл атқарады. Осынша керемет, ғажайып, қайталанбас кешенді дала жүйесінің табиғатын қалайда сақтап , табиғи қалпын қорғайтын болайық!

Пайдаланған әдебиеттер

1.«Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев «Тарбағатай таулары». Қазақ ұлттық энциклопедиясы 2006ж. 8 т.327бет

2.Чигаркин А.В. Памятники природы Казахстана. Алматы, 2008. – 143б.

3.Гельдыева Г.В., Веселова Л.К. Ландшафты Казахстана. Алматы: «Ғылым», 2011.-178б.

4.«Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев «Сауыр жотасы». – Алматы, 1998 жыл. 2005ж. 7т.595бет

5.Равнины и горы Средней Азии и Казахстана. – М.: Наука, 2002, 139-158 с.

ОРТА АЗИЯ МЕН ТҮРКИЯДАҒЫ ҰЛТ- АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАРЫНЫҢ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қанат Базарбаев

Үсенбек Рахмет

Түйіндеме

Орта Азия мен Түркиядағы ұлт-азаттық қозғалыстары арасында үлкен тарихи сабақтастық оқиғалар және саяси бірізділіктер көптеп кездеседі. Орта Азия мен Түркияның ұлттық интеллигенция өкілдерінің мемлекеттік басқару жүйесіне наразылығы жөнінде ортақ көрініс тапты. Бұл наразылықтың басты талаптарында қоғамды жаңартудың міндеттері мен бағыттарын және тәсілдерін таңдаған нақты іс-әрекеттері де ұқсас болып шықты. Мысалы, Түркістандық жәдитшілер мен Түркиялық жастүріктер ортақ сипатта жаңа білім беру жүйесін енгізу, өндірістегі жаңа технологияларды насихаттау, ағартушылық қозғалысты жаңашыл қағидаларға сүйеніп негіздеуге және оны іске асыруға ұмтылды.

Екі қозғалысты да өз дамуындағы ерекшеліктерінің болуына қарамастан дамыған мемлекет құру идеясы біріктірді. Бұл қозғалыстарды өз отанына құрмет сезімін сақтауға, адам құқықтарының сақталуы, мәдениеттің дамуына еркіндікті қамтамасыз етуге, аграрлық мәселені шешуге, әлемдік аренаға шығуға, Еуропа және Азия елдерімен экономикалық ынтымақтастық орнатуға ұмтылған қозғалыс деп атауға болады.

Түркиялық жастүріктер және Орта Азиялық (Түркістан) ұлт-азаттық қозғалыстарының әлеуметтік құрылымы да ұқсас болып шықты. Екі қозғалыстың да әлеуметтік негізі ортақ сипатта болды. Бұл жағдай олардың саяси алауыздығына өзек болып, ортақ күрестен алаңдатқан жағдайлар да кездесті.

Жәдиттік және жастүріктер қозғалысындағы бұндай ұқсастықтың мынадай себептері болды. Біріншіден, XIX ғ. соңы XX ғ. бас кезінде Батыс державаларының экономикалық, саяси және мәдени басқыншылығына қарсы бұхаралық қозғалыс ретінде түрікшілдік және мұсылмандық ұлтшылдық идеяларының кең тарап, отаршылдыққа бағыт алуы.

Екі қозғалыстың ұқсастықтарының басты белгілерінің бірі жастүріктер қозғалысының Түркістан ұлт-

азаттық қозғалысына едәуір дәрежеде ықпал жасауы баяндалады.

Тірек сөздер: Орталық Азия, Түркия, Түркістан, жастүріктер, жәдитшілер, ұлт-азаттық қозғалыстар.

Abstract

There are great historical continuity and political sequences among the national liberation movements in Central Asia and Turkey. Central Asian countries and Turkey have a common understanding of the dissatisfaction of national intelligentsia with the public administration system. The main requirements of this protest were also similar to the specific actions they chose, the objectives and directions of society modernization. For instance, the Turkistani Jadids and Young Turks steppes have sought to introduce a new educational system of general nature, propagation of new technologies in production, based on innovative principles of education and its implementation. Both movements have united the idea of a developed state, despite the peculiarities of its development. These movements can be called a movement of respect for their homeland, a commitment to human rights, the development of culture, the solution of the agrarian problem,

entering the world arena, and economic cooperation with Europe and Asia.

The social structure of Turkish Young Turks and Central Asian (Turkistan) national liberation movements was also similar. Both social movements were of a general nature. This situation also led to their political divergence and the worry of the common struggle. This similarity in the Jadids and Young Turks movements had the following reasons: First, in end of 19th century and in the 20th century a large part of the idea of Turkic and Muslim nationalism as a transnational movement against the economic, political and cultural invasion of the Western powers, the direction of colonialism. One of the main signs of two movements' similarity is the fact that the genuine movement influences Turkestan national liberation movements.

Keywords: Central Asia, Turkey, Turkistan, Young Turks, Jadids, National Liberation Movements.

Ұлт мәселесіне қатысты Осман империясында көрініс тапқан мәселелер Орталық Азияда Түркістанда жаңа қырынан көрінді. Тарихи даму барысында көпұлтты және көпдінді болып қалыптасқан Осман империясында XX ғ. бас кезінде ұлттық мәселелер шиеленісті сипат алды.

Барлық ұлттарды біріктіріп бір ұлт жасау жөніндегі османшылдық идеясы, барлық ұлттарды түрік ұлтының төңірегіне топтастыру жөніндегі түркілік идеясы және түрік ұлтының мүддесін басқа ұлттардан жоғары қойған пантүркизм идеясы Түркиядағы саяси күрестің күн тәртібінен түскен жоқ. Осындай күрделі ұлттық мәселе Орта Азия да жәдитшілердің бағдарламаларында Түркістандағы барлық этностарды біріктіру арқылы шешу түрінде көрініс тапты. Бұл идея тым тұрпайылау көрінгенімен, олардың ұлттық санасы этникалық ұғымдармен тығыз байланысты еді. Олар этникалық ұғымдарды «Миллат», «Мұсылмандар», «Түркістандықтар», «Тұрандықтар» деген терминдермен айшықтады. Олардың түсінігінде «Миллат» ұғымы Түркістан, Бұхара және Хиуаны мекендеген түркі тілді және иран тілді халықтарды білдірді. «Мұсылмандар» ұғымы да осыған жақын болды. Ол ұғым Орта Азиялық (Түркістандық) түркі тілді және парсы тілді тұрғындар дегенді білдіріп, діни сипат ала бастады.

Бұл жөнінде Орта Азиялық ғалым М.Бехбудидің «Баюни хақиқат» мақаласында «Мұсылман» деген ұғымды «орыс» «еврей» деген этникалық терминдермен қатар қолдануынан көреміз [1]. Сонымен бірге мұсылман ұғымы

«христиан» терминімен қатар діни сипатта қолданылған. Осыған байланысты өзбекстандық профессор Д.Алимова былай дейді: «Жәдиттердің арқасында мұсылман ұғымы діни мазмұннан этникалық мазмұнға трансформацияланды. Отаршылдыққа қарсы табысты күрес жүргізудің басты шарты ретінде саяси идеялар мен прогресшіл күштердің топтасуы этникалық бірлікке алып келді» [2,184]. Бұл мәселенің мазмұны кеңестік тарихнамада мүлдем қарастырылмаған болатын. Орта Азия (Түркістан) тарихындағы осы желіні алғаш рет жеке тұжырым ретінде ғылыми айналымға ұсынғандардың бірі Д.Алимова былай деп жазады: «Ұлттық қозғалыс тарихында өзінің мақсаты және нақты әрекетінің мазмұны бойынша Түркістан жәдитшілігінен жастүріктер қозғалысындай бір-бірімен ұқсас құбылыстар көптеп кездеседі. Олардың ортақ мүдделерінің негізі ортақ, ең алдымен, түрікшілдік болатын. Бұл идея жастүріктер қозғалысы, сол сияқты өздерін «Милли тараккийпарварлар» деп атаған түркістандық прогресшілердің көзқарастарына алтын арқау болды. Қозғалыстардың пайда болу себептері де ұқсас болатын». Бірінші кезекте осы қозғалыстардың пайда болу себептерін салыстыра қарастыруға болады.

Осыған

байланысты жастүріктер революциясы тарихын алғаш зерттеген орта азиялық ғалым З.Х.Габидуллиннің мына тұжырымына назар аударуға болады: «Түрік буржуазиясы мынадай себептермен еркін дамып өсе алмады, біріншіден, өндіргіш күштердің дамуын тежеген феодалдық қатынастардың үстемдігінен, екіншіден, түрік өнеркәсібіне өздерінің арзан өнімдерімен қысым жасаған шетелдік бәсекелестіктен» [3,57]. Орталық Азияда XIX ғ.соңында қалыптаса бастаған ұлттық буржуазия бұл аймаққа Ресей капиталының енуімен және Ресейдің экономикалық жүйесіне кірігуімен өздерінің жағдайын едәуір жақсартта алды. Ал, екінші жағынан өлке империяның шикізат базасына айналып, метрополияның өнеркәсібіне қажетті шикізат өндіретін салалардың ғана дамуы ұлттық кәсіпкерлердің мүмкіндігін шектеп, халық тұтынатын жергілікті өнімдерді нарықтан ығыстыра бастады. Түркістан экономикасындағы қалыптасқан бұндай біржақты жағдай Түркияда Англия, Франция, Германия түрінде көпвекторлы бағыт алса, Орталық Азияда (Түркістан) бұл біржақты Ресейлік бағытпен шектелді.

Осы сабақтастың барысында жәдиттік қозғалыстың қоғамдық саяси ықпалы артты. Ол ықпал ағартушылық түрінде алғашқы кезде өлкедегі қала халқының арасына

кеңінен таралды. Бірінші дүниежүзілік соғысқа дейін түркістандық жәдитшілердің саяси құжаттарында өлкедегі феодалдық артта қалушылық пен отаршылдыққа қарсы күрестің дәлелдері айқындалып, билік институттарын конституциялық жолмен реформалау идеясы орнықты. Осы кезде жергілікті халықтардың жатжерлік қанаушыларға қарсы ортақ күреске жалпытүркілік, мұсылмандық негізде бірігуі патша өкіметі тарапынан қатаң бақылауға алынып, қуғындалды.

Осы сияқты Түркиялық жастүріктер қолға алған барлық шараларын, соның ішінде конституцияны енгізуді де ислам тарихына сілтеме жасау арқылы арқылы бекітіп отырды. Олардың баспасөзінде басқарудың өмір салтын енгізу мұсылмандық дәстүрлерменен дәлелденіп жатты.

Мұндай позиция Түркиядағы сияқты Орта Азияда да (Түркістан) исламның өзінің шынайы философиялық маңызынан айрылып, кертартпа сипат алуынан туындады. Тіпті Түркияда Кемалистік кезеңнің өзінде ислам діні «идеологиялық цемент» [4,79] ретінде қолданылған.

«Ал Түркістан мен Бұхарада қоғамды модернизациялауды исламдық тұрғыда негіздеу Түркияға қарағанда барынша күшті және ашық көрініс тапты. Оған мысал ретінде жәдитшілер Махмудхожа Бехбудий мен

Абдрауф Фитраттың «Мухтасари тарихи ислам» деген атпен исламның қысқаша тарихи еңбектерін атауға болады. Түркияда және Орта Азиядағы (Түркістан) қозғалыстың ортақ белгілері мен ұқсастықтары олардың тұжырымындағы діни төзімділік мәселесінен туындайды. Бұл қозғалыс басшылары халықтарды діни белгісіне қарай шектеу саяси нәтижеге қол жеткізбейді деп түсінді. Түркістан Ресейдің отары болғандықтан ол Осман империясының керісінше өз аймағына басқа аймақтармен көптеген халықтарды біріктіретін айырмашылығына қарамастан, екі қозғалыста да халықтар арасында діни алауыздыққа жол беру саяси бірліктен алшақтатындығы анық көрініп тұрды. Жастүріктер Абдулхамит билігіне қарсы табысты күрес жүргізу үшін түрік бұқарасының ғана емес, сонымен бірге империя құрамындағы басқа халықтардың қолдауы қажет екендігін жақсы түсінді. Сондықтан да жастүріктер қозғалысының идеологиясында түрік емес халықтардың өкілдерінің қолдауына баса көңіл бөлінді.

Түркияға ортазиялық зиялылар мен кәсіпкерлердің баруы кең өріс алғаны белгілі. Көптеген жәдитшілер осы елде оқыды. Кейбір мұрағаттық деректерге қарағанда, Түркияда 1913 ж. Бұхараның өзінен 250 студент білім

алған. Екі қозғалыстың да басты ерекшелігі оның өкілдерінің әлеуметтік негізінен туындайды. Жастүріктер қозғалысының өзегі әскери сословие өкілдері еді. Офицерлер қоғамның алдыңғы қатарлы және мәдени бөлігін құрады және ұлттық буржуазияның мүддесін қорғады. Олардың көпшілігі Германияда білім алды да, сыртқы саясатта германofilдік бағыт ұстады. Ал түркістандық, бұхаралық және хиуалық жәдиттер әскери істен барынша алыс тұрды. Олар негізінен гуманитарлық бағыттағы элитаны құрады. Дегенмен, екі жақта да ортақ біржақтылық олардың іс-әрекеттерінен нақты көріністер тапты.[5].

Орта Азияда (Түркістанда) жастүріктер идеясының таралуы жөнінде мынадай жолдармен таралды деген тұжырым жасауға болады:

1. Түркияда білім алған, сонда өмір сүріп қоғамдық-саяси өзгерістерді өз көздерімен көрген түркістандық жәдитшілер арқылы тарайды. Бұл топтың өкілдері М.Бехбуди, А.Фитрат, Г.Юнусовт.б. болды.

2.Түркиядан түрлі жағдайлармен Орта Азияға келген жастүріктер қозғалысы өкілдерінің қоғамдық-саяси қызметі арқылы таралды. Олардың көрнекті өкілдері Энвер Паша, Субхи және т.б

3.Ресейде білім алған, Бүкілресейлік мұсылмандық қозғалысқа тартылған түркістандық қайраткерлердің қызметі арқылы таралды. Бұл топтың өкілдері Убайдулла Хожаев және т.б. Жәдитшілердің экономикалық мәселелерге қатысты ұстанымдары да қызықты болып келеді. Айталық, олар жаңа экономикалық мекемелер құру тек қана халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағыталуы керек, ол сонымен бірге тәуелсіздікке қол жеткізудің де негізгі факторларының бірі болуы тиіс деп санады. Жәдитшілер бұл міндеттерді іске асыру жолы ретінде халықты экономикалық дағдарыстан шығаруға көмектесу жолында коммерсантарды бірігуге шақырды [6].

85

Жәдитшілер өлкедегі ауылшаруашылығындағы дағдарыстың себептерін талдаумен шектеліп келген жоқ, одан шығудың жолдарын іздестіріп кез келген мүмкіндікті пайдаланып жер иеленушілерді өз құқықтарын қорғауға шықырды.

Олар көп жағдайларда пісіп жетілген проблемаларды шешудің нақты әрекеттерін де іске асыра бастады. Айталық, уақытша Үкімет жерді сату және сатып алуға тиым салған заң шығарғанда Мұстафа Шоқай 1917 ж. 27 шілдеде Петроградқа барып, А.Керенскийге

жолығады. Осы кездесудің нәтижесінде Орта Азияға (Түркістан) қатысты шешімнің күші жойылып, жердің өз иелерінің қолында қалуына және оның қоныстанушылардың қолына өтіп кетпеуіне жағдай жасады [7,63].

Прогресшілер өлке экономикасын дамытудың өзіндік концепциясын жасаған. Жәдиттік газеттер мен журналдарда ол идеялар жарнамаланды.

Сол идеялардың қатарында Түркістанның жергілікті халықтың саяси, ұлттың және экономикалық мүдделерін қорғауды айтуға болады. Олардың пікірінше, елдің экономикалық тәуелсіздігі саясат, құқық және дін саласындағы бостандықпен тікелей байланыста болды. Сол үшін де жәдитшілер бірінші кезекте жерді және оны пайдалануға байланысты, суды бүкілхалықтың игілігіне айналдыру, өнеркәсіпті, ауылшаруашылығын, сауда мен құрылысты басқаруды Түркістандықтардың қолына берді. Өлке үшін қажетті өнімдер өндіруді жолға қою, заводтармен фабрикалар салу, жаңа жерлерді игеріп, суармалы егістікті, бау бақшаларды көбейту арттыру және т.б. іске асыруды ұсынды.

Бұндай көзқарас Түркістан ұлттық элитасының көрнекті өкілі Махмудхожа Бехбудидің Қазан төңкерісінен

кейінгі кездегі ұстанған позициясында орын алды. Оның астық дайындауды мемлекеттің құзырындағы азық-түлік комитеттерінің қолына беруге үзілді-кесілді қарсы болуы большевиктердің ұстанымымен түбірінен үйлеспейтін еді. Оның пікірі бойынша рынок еркін болуы тиіс, ал астықты облыстар мен уездерден сыртқа алып кетуге тиым салынды және астық бағасына монополия болмауы тиіс. Сол сияқты Бехбуди жекеменшіктегі наубайханаларды жабу туралы қаулының күшін жоюды талап етті. Оның көзқарасы бойынша жерді мемлекеттік меншікке беруден бұрын жерден және жер иелерінің жағдайы жөнінде статистикалық талдау жасалынып, диірмен, шеберхана және т.б. мемлекеттің меншігіне алуды тоқтату керек [8]. Жалпы, түркістандық жәдитшілер демократиялық қоғамды дамыту тек еркін нарықтық экономика жағдайында ғана мүмкін болады деп есептеді [9,21].

Түркияға, Египетке және басқа да араб елдеріне саяхат жасаған М.Бехбуди ол елдерден алған әсерлерін жазып алумен бірге олардың дамуына ықпал жасаған немесе оны тежеген факторларға талдау жасап отырған. Н.Болдауфтың пікірінше «Махмудхожа Бехбудидің естелік күнделіктерінде география мен сауда бойынша елдердің арасында сауда қатынастары өрбиді және саяхаттаудың

байланыстары жолға қойылады деген ниетпен жазады» [10,12]. Бехбудидің өзі де жекеменшік иесі болған. «Нашприети Бехбудия» баспаханасының иесі болған Бехауиддин Самарқанд, Бұхара, Қоқан, Наманган, Ташкент, Андижан қалаларында кітап дүкендерін ұстаған [11,53]. Ол кітап дүкендерінде өзге шетелдік қалалармен бірге Стамбулда жарық көрген кітаптарды сатылымға ұсынған.

Зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай Орта Азиялық (Түркістан) және Түркиялық жастүріктер қозғалысы мен ұлт-азаттық қозғалыстарының қалыптасуы мен дамуында көптеген ұқсастықтардың орын алғанына көз жеткіземіз. Жалпы, ұлт-азаттық қозғалыстардың дамуына негіз болатын ортақ заңдылықтар бұл екі қозғалысқа да тән еді. Бұл екі саяси қозғалыстың ұқсастықтары былайша айқындалады:

1. Осман империясы мен Орта Азия (Түркістан) өлкесінде қоғамдық саяси дамуды тежеген ортағасырлық қоғамдық институттардың тежеуші күшке айналуы. Атап айтқанда білім беру жүйесінің артта қалуы дәстүрлі қоғамдық саяси қатынастардың ескіруі, бұл жағдай Осман империясында Абдулхамит II деспоттық билігін ұстап тұрған ортағасырлық билік құрылымдары көрініс тапса, Түркістанда патша үкіметінің отарлық билігінің дәстүрлі

қоғаммен күні өткен реакциялық институттарын жаңалаудың орнына Ресей империясына тән өктемдікпен шовинистік, отарлық құрылымдарды орнықтыруы жөнінде көрініс тапты.

2. Екі қозғалыстың пайда болуы мен қалыптасуының негізі ағартушылық идеяларынан бастау алды. Соның нәтижесінде екі қозғалыста да ағартушылық идеялар өткір сипат алды.

3. Екі қозғалыста да ұлттық идеяларды қалыптастыратын азаттық күресінің дәлелдерін негіздеген саяси қозғалыстардың қабылдаған бағдарламалық құжаттарында идеялық сабақтастықтар орын алды. Идеялық сабақтастықтар саяси ұйымдардың құрылымындағы ұқсастықтар орын алды. Мысалы: Түркиялық «Бірлік және даму» партиясы мен Түркістандық «Шурои Исламия» қозғалыстары, «Ахрар» партиясы мен «Шурои Улеманың» саяси ұстанымдарында елеулі ұқсастықтар орын алды.

Осындай түбірлі ұқсастықтардың болуына карамастан жастүріктер қозғалысы мен Түркістан ұлт-азаттық қозғалыстарының бірін-бірі қайталамайтын түбірлі ерекшеліктері де болды. Бұл ерекшеліктер Түркияның тәуелсіз мемлекет екендігінен, ал Түркістанның (Орта

Азия) патшалы Ресейдің отары екендігінен туындайды. Осы жағдайға байланысты екі қозғалыстың саяси мақсат міндеттері мен оны іске асырудың тактикасы мен стратегиясынан көрініс тапты. Бұл мәселеге Түркияда Абдулхамит II деспоттық билігі мен бірге шет елдік державалардың отаршылдық әрекеттері ықпалынан құтылуға бағытталса, бұл жағдай Түркістанда ортағасырлық кертартпа қоғамдық құрылымды модернизациялаумен бірге отарлық биліктің қысымынан құтылуы түрінде көрінді. Осыған байланысты жас түріктер осман империясының орнына жаңарған түрік мемлекетін құру идеясын күн тәртібіне батыл қоя алды. Ал жастүріктердің бұл идеясы Түркиядағы қоғамдық-саяси өзгерістер барысында іске асты. Ал отарлық кеңестік биліктің саяси, әскери қысымындағы Түркістан ұлт-азаттық қозғалыстардың басшылары ұлттық мемлекеттік құрылым және тәуелсіздік алу идеяларын аса жасқаншақтықпен көтерді. Оның есесіне түркілік, мұсылмандық бірлік идеялары төңірегінде мәселені батыл көтерді. Нәтижесінде кеңес өкіметі ұлттық мемлекеттік межелеу саясаты арқылы түркілік бірлік идеясын ыдыратып «түрі ұлттық мазмұны социалистік», саяси еркі барынша шектелген мемлекеттер құрды. Нәтижесінде Орта

Азия (Түркістан) халықтарының ұлттық мемлекетке айналып тәуелсіздік алуы XX ғ. соңына дейін шегерілді. Осы жерде екі қозғалыстың ерекшеліктеріне ол елдердің тарихи мәдени және экономикалық дамуы деңгейлері мен ол елдерге қатысты қалыптасқан халықараық жағдайлардың да елеулі ықпал еткендігі белгілі. Сонымен бірге Түркия мен Түркістан халықтарының ұлттық менталитетінде де көптеген ұқсастықтардың болғандығын тарихи деректер арқылы көз жеткізе аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

- 1.Бехбуди М. Баёни хақиқат // «Улуғ Туркистон». 1917, 12 июнь.
- 2.Алимова Д.А. История как история, история как наук. –Ташкент: «Узбекистан». 2009.
- 3.Габидуллин Х.З. Младотурецкая революция. – Москва, Соцэкиз, 1936.
- 4.Hostler, Ch. W.,1957.Turkism and the Soviets (The Turks of the world and their political objectives). - London, 1957, Preface.
- 5.Абдуллаев Р.М. Из истории национального движения в Туркестане после февраля 1917 г.. –Ташкент: //ОНУ. 1993. № 4.

6.Castagne J. Les «Basmatschi»: Le mouvement national des indigènes d'Asie Centrale depuis la révolution d'octobre 1917 jusqu'en octobre 1924. - Paris, 1925.

7.Rywkin, M.,1990.Moscow's Muslim challenge: Soviet Central Asia. - New York -London.

8.Бехбуди М. Ғалла, аскерлик ер ватаъминоти хароий» 1918. 2 август.

9.De Lagerd, H.A., 1987. The revolt of the Basmachi according to Red Army Journals (1920-1922), Central Asian Survey.

10.Балдауф Н. Махмудхожа Бехбудий Фалостында // Узбекистон адабети ва санъати. . –Ташкент: 1993, 21 май.

11.Алимова Д. А., Ратизва Д.А. Махмудхожа Бехбудий ва унинг тарихий таъкидлари. -Ташкент: Академия, 1999.